

Әділетті Қазақстан

Қазақстан ғылымын дамыту үлгісін түбегейлі өзгерту – аса маңызды міндет.

Қажет болса, келешекте ғылыми шешімдер мен цифрландыруды негізге алатын парасатты экономика моделіне көшу керек болады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АҚОРДА



ҚАЗАҚСТАН – БҰҰ: көпжақты ынтымақтастықты дамыту

2

РАМАЗАН – 2023



АУЫЗАШАР шоуға, бастаңғыға, тойға айналып кетпесін

7

МӘСЕЛЕ



ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРІСІ

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.04.2023

Түнде:



-1-3 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



+6+8 °C

Бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8, түннің бірінші жартысында
екпіні 15 м/с

19.04.2023

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Кей уақытта тұман.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №49 (6342) 18 сәуір, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCx23M2xr1CHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

көрсеткіші өңірлер арасында бірінші орында



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады

Президентке Алматы қаласының биылғы I тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы жөнінде баяндалды. Экономиканы одан әрі әртараптандыру жөніндегі шаралар туралы есеп берілді.

Осы кезеңде қысқамерзімді экономикалық индикатор іскерлік белсенділік есебінен 23,9 пайызға дейін үдеді. Ал іскерлік белсенділік көрсеткіші 57,9 пайызға дейін өсіп, өңірлер арасында бірінші орынға шықты.

4

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫ – ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ӨҢІРІ

Үкіметте оңтүстік астананың даму
мәселелері қаралды



Үкіметте ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Алматы және Алматы агломерациясын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар қаралды.

2

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Мирослав Енчаны қабылдады.
- Президент Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін құттықтады.
- Сенаторлар 20 сәуірде өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.
- ҚР Ұлттық қорының көлемі өсті.
- «Жеңіс» жобасы: Ардагерлерге көмек үшін 115 миллион теңге қарастырылған.
- Қазақстан азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін шетелдік сауда компанияларын ашады.
- Елімізде жана жол технологияларының тізілімі қалыптастырылады.
- ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев ертең Алматыда жеке қабылдау өткізеді.
- Ауғанстанда Қазақстанның сауда үйі ашылады.
- Биыл колледждерге 50 мың қосымша мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінеді.
- I сәуірге дейін елде 456,7 мыңнан астам адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.
- Қаржы пирамидаларын, онлайн-казиноларды, басқа да құмар ойындарды жарнамалау заңмен қудалануы мүмкін.
- Депутаттар: супермаркеттерде, қоғамдық орындарда лотерея терминалын орнатуға қатаң тыйым салу керек.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев грек-рим, еркін және әйелдер күресі бойынша Астанада өткен Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін жарқын жетістіктерімен құттықтады.

«Сіздер байрақты бәсекеде топ жарып, ел абыройын асқақтаттыңыздар. Боз кілемде жеңіске деген ерік-жігер мен шеберліктің озық үлгісін көрсетіп, жанкүйер қауымға зор қуаныш сыйладыңыздар. Бұл – табандылық пен қайсарлықтың, тынымсыз еңбектің нәтижесі. Сіздердің жеңістеріңіз спортты серік еткен жастарды жігерлендіріп, биік белестерге бастайтыны сөзсіз. Еліміз күрес өнерін дамыту үшін барлық жағдайды жасап отыр. Балуандарымыздың дүбірлі додаларда үздіктер қатарынан көрінуі – соның айқын дәлелі», – деп жазылған Президенттің құттықтау хатында. Мемлекет басшысы спортшыларымыздың алдағы уақытта да аламан сайыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, ел мерейін көтере беретініне сенім білдірді.

■ СЕНАТ

Санкт-Петербург қаласында ТМД Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің 55-ші пленарлық отырысы өтті. Парламентаралық алаңға Қазақстан делегациясын Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастап барды.

Сенат Төрағасы ТМД ПАА-ның қамқорлығымен жоғары оқу орындарында ТМД елдерінің тілдерін оқытуды күшейтуге арналған тәжірибелік қадамдарды айқындау қажеттігін айтып, оған ғалымдарды, сарапшыларды және мемлекеттік органдардың өкілдерін жұмылдырып конференция өткізуді ұсынды. «Халықаралық ынтымақтастықты дамытуда тілдерді білу маңызды рөл атқаратыны баршаға белгілі. Өкінішке қарай, біз ТМД елдерінің тілдерін оқытуға көп көңіл бөле бермейміз. Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінде ТМД және жақын шетелдердің тілдері мен мәдениеттерінің кафедрасы бар. Сол жерде Достастық елдерінің тілдері оқытылады. Біз өз тарапымыздан осы бірегей кафедраға қазақ тілін оқыту бойынша қажетті көмек көрсетуге дайынбыз. Сондай-ақ, басқа мамандандырылған жоғары оқу орындарында да осындай кафедраларды ашу туралы мәселені қарастыруға болады», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаттары Айдос Сарым, Кенжегүл Сейтжан, Дәулет Тұрлыханов «Bike for Peace» ұйымының өкілдерімен кездесті.

«Bike for Peace» қозғалысы – бейбітшілік пен ядролық қарусыздану жолындағы белсенді күресуші ұйым. Осы ұйым көтерген бейбітшілік құндылықтарын қазақстандықтар да құптайды. Елімізге, оның осы саладағы халықаралық саясатына қолдау көрсеткеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз», – деді Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Айдос Сарым. Ол Қазақстан жаһандық ядролық қарусызданудың жақтаушысы екенін және барлық елдің жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимін қатаң сақтауын жақтайтынын атап өтті.

«Біз Қазақстанға келгенімізге өте қуаныштымыз. Өйткені, сіздер ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан алғашқы елдердің бірісіздер. Біздің ұйымның қызметі де осы саладағы саясатпен тығыз байланысты», – деді «Bike for Peace» қозғалысының президенті Торе Нерланд. Талқылау қорытындысы бойынша тараптар екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға келісті.

■ ҮКІМЕТ

Үкіметте азаматтарға арналған жаңа цифрлық қызметтердің жұмысы талқыланды.

Премьер-Министрдің орынбасары – Үкімет Аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаевтың төрағалығымен өткен кеңесте қазақстандықтардың өмірін жеңілдетуге бағытталған жаңа «цифрлық» бастамаларды жүзеге асыру мәселелері қаралды. Ағымдағы жылы республикада мемлекеттік қызметтерді онлайнға көшіру арқылы азаматтардың іскерлік және тұрмыстық мәселелерін шешуін жеңілдетуге және жеделдетуге бағытталған 66 «цифрлық» бастама жүзеге асырылып жатыр. Қазір азаматтарға жоспарланған «цифрлық» бастамалардың 41-і толық немесе пилоттық режимде қолжетімді. Мысалы, кеше ғана Әділет министрлігі онлайн-режимде нотариалды құаландырылған сенімхат беру қызметін іске қосты. Алғашқы екі күнде 60-тан астам құжат рәсімделді. Қызметті алу үшін смартфон және оған жүктелген eGov mobile қосымшасы қажет. Экология министрлігі аңшы куәлігін «цифрландырды». Аталған құжатты рәсімдеуді жоспарлаған әр азамат ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, оның тек электронды түрде ғана берілетінін білуі маңызды. Бұл құжаттың қағаз нұсқасын бірге алып жүру қажеттілігін жояды. Осы ретте мұқабалы аңшы куәлігі үшін төленетін 3 АЕК мөлшеріндегі қосымша алым алынып тасталды.

■ МИНИСТРЛІК

GCIP-Kazakhstan елдік жобасы іске қосылды. Оның негізгі мақсаты – инновацияларды ілгерілету, шағын және орта бизнес жобаларын, Қазақстанда Жасыл жұмыс орындарын құру үшін жасыл технологиялар саласындағы стартаптарды қолдау.

Грант Қазақстанға Біріккен Ұлттар Ұйымының өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымының көмегімен, Жаһандық экологиялық қор арқылы бөлінді, деп хабарлады ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі. Жиында жобаның кезеңдері, оны іске асыру жоспарлары, сондай-ақ GCIP-Kazakhstan жобаларын іріктеу критерийлері таныстырылды. GCIP тәсілдері стартаптарды алдын ала таңдауды, акселерацияны және коммерцияландыруды қамтиды. Бұл ең перспективалы кәсіпкерлерді анықтау және оларды үнемі тәлімгерлік ету, олардың инновациялық идеялары мен тұжырымдамаларын ұлттық және жаһандық нарықтарға шығуға дайын толыққанды өнімдер мен қызметтерге айналдыру үшін оқыту арқылы қолдау үшін жүзеге асырылады. Акселерация – бұл 3 айдан 6 айға дейінгі бағдарлама, онда кәсіпкерлер тобына оқыту ұсынылады. Бұл бағдарламалар презентациялар мен іскерлік конкурстар түрінде өтеді. Стартаптарды анықтау және жеделдету мақсатында мемлекеттік және жеке инвестицияларды тартатын таза технологиялар саласындағы 30–40 перспективалы жобаны іріктеу бойынша жыл сайын конкурстар өткізілетін болады. Іріктеу 7 бағыт бойынша жүргізіледі: энергия тиімділігі, ЖЭҚ, қалдықтарды басқару, суды тиімді пайдалану, заманауи материалдар мен химиялық заттар, жасыл құрылыс және көлік.

■ ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК

Ауғанстанға Қазақстанның гуманитарлық көмегі табысталды. Жалпы көлемі 5403 тоннаны құрайтын (81 вагон) негізгі гуманитарлық жүк теміржол арқылы жеткізілді. Гуманитарлық көмек азық-түлік өнімдерінен (сүт консервілері, өсімдік майы, ұн, қарақұмық жармасы) тұрады.

«Біз Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстанның ауған халқына гуманитарлық көмегін жеткізу үшін Ауғанстанға арнайы келдік. Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет атап өткендей, халықаралық қоғамдастық та, оның ішінде Қазақстан да Ауған халқын қиын жағдайда көмексіз қалдыра алмайды. Біздің гуманитарлық миссиямыздың қасиетті Рамазан айында өтіп жатқаны оған ерекше сипат береді. Осындай барлық мұсылмандарға қасиетті саналатын айда барлығыңызға бейбіт өмір мен сабыр тілеймін», – деді Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ АҚОРДА

ҚАЗАҚСТАН – БҰҰ:
КӨПЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісін қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Мирослав Енчамен жүздесті. Мемлекет басшысы жоғары лауазымды дипломатқа ілтипат білдіре отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымымен көпжақты ынтымақтастықты дамыту тұрғысынан оның бұл сапары маңызды екенін атап өтті.

Кездесу барысында Қазақстан мен БҰҰ арасындағы нақты іс-әрекеттердің маңызды бағыт-

тары, соның ішінде Орталық Азия бойынша Превентивті дипломатия жөніндегі өңірлік орта-

лық аясындағы мәселелер талқыланды.

Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстанның орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ-ның өңірлік орталығын ашу перспективаларына ерекше назар аударылды. Өз кезегінде Мирослав Енча Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастық деңгейіне, сондай-ақ елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаларға жоғары баға берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ҮКІМЕТ

АЛМАТЫ – ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ
МАҢЫЗДЫ ӨҢІРІ

Үкіметте оңтүстік астананың даму мәселелері қаралды



Алматының үлгісімен республиканың барлық өңірлерінде шағын өнеркәсіп парктерін құру бойынша бағдарлар әзірленді.

(Басы 1-бетте)

Орталық мемлекеттік органдардың басшылары 10 наурызда Үкімет басшысының Алматыға жұмыс сапары аясында берген тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндады.

Өңгіме отандық тауар өндірушілерді қолдау, «Алтынкөл» теміржол стансасын дамытудың бас жоспарын әзірлеу, бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін кеңейту және құрылыс саласындағы бақылауды күшейту бойынша қабылданған шаралар туралы болды.

Алматының үлгісімен республиканың барлық өңірлерінде шағын өнеркәсіп парктерін құру бо-

йынша қадамдар әзірленгені жеке атап өтілді.

Кеңеске қатысушылар оңтүстік астанадағы сауда ағынын оңтайландырып, көлік инфрақұрылымын жеңілдетуге мүмкіндік беретін көтерме тарту және сауда-логистикалық орталықтар желісін дамыту жоспарларын да талқылады. Сонымен қатар, Алматы қаласының бас жоспарын және Алматы агломерациясын дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарын әзірлеу туралы, сондай-ақ қаланың сейсмикалық қауіпсіздігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлей отырып, ауқымды сейсмосаудит жүргізу туралы баяндама жасалды.

Премьер-Министр ұсынылған тәсілдерді қолдап, жоспарланған жү-

мыстарды сапалы орындау қажеттігін атап өтті. «Агломерацияны есепке алатын болсақ, Алматы – халық көп шоғырланған еліміздің ең маңызды өңірлердің бірі. Сондықтан әкімдік пен бизнес тарапынан қойылған түйткілді мәселелерді жүйелі түрде шешуіміз керек. Жұмыс сапарының қорытындысына сәйкес 28 тапсырма берілді, мемлекеттік органдар оларды уақытылы әрі сапалы орындау бойынша жұмысты жалғастыруы тиіс», – деді Әліхан Смайылов.

Кеңесте Алматы қаласының индустриалды аймағын кеңейту, экологиялық мәселелерді шешу, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруға отандық тауар өндірушілерді тарту, 100 жаңа ірі қосымша білім беру нысандарын салу, ауыл шаруашылығына су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша және басқа да бірқатар мәселелер қаралды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ЗАМАНАУИ «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ»

Алматының «103» қызметі – барлық қоңырауды орталықтандыратын технологиялық байланыс

Жуырда Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудандар әкімдерімен және ведомстволық басқармалардың басшыларымен кездесу өткізіп, онда мегаполистің жедел медициналық жәрдем қызметін дамыту мәселелері талқыланды. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова өзінің Facebook парақшасында жариялады.

Әсем Бекқызының сөзіне сүйенсек, «103»-ке келіп түсетін қоңыраулар саны жыл санап артып келеді. Мәселен, былтыр 1 200 239 шақырту қоңырауы соғылған, бұл 2021 жылмен салыстырғанда, 5%-ға көп. Шаһар басшысымен кездесуде осы саладағы жұмыстардың көрсеткіш деңгейі қаралып, сараланған. Мәселен, бір тәулік ішінде бір ауру бойынша қайталап қоңырау соғу көрсеткіші азайған. Дәлірек айтсақ, 2021 жылы 4,2%-ды құраған болса, 2022 жылы 3,8%-ға төмендеген. Бұл қызмет көрсету сапасының артқанын және емхана қызметі жұмысының жақсарғанын көрсетсе керек.

Әкімдіктің қолдауымен полиция қызметкерлерімен бірлесіп тұрақты рейдтер жүргізу нәтижесінде жол қозғалысының мәдениеті де едәуір жақсарған. Ал бұл өз кезегінде «Жедел жәрдем» көлігінің жолда кептелісте қалып қоймай, қоңырау шалған пациентке жедел жетуіне жағдай жасайды. Республикалық көрсеткіш бойынша «Жедел жәрдем» бригадасының жету уақыты 13,2 минут дейтін болсақ, былтыр Алматыда жедел медициналық жәрдем қызметінің пациентке келу уақыты 10,6 минутты құраған. Бүгінгі күні мегаполистің жедел медициналық жәрдем қызметінде қаланың әртүрлі аудандарында орналасқан он екі қосалқы станциясы бар. Жедел жәрдем көлігінің шақыртуларға уақытылы жетуі үшін «Алатау» және «Нұр-Алатау» ықшамаудандарында қосымша орындар ашылды. Ал биылғы 3 сәуірден бастап Папанин көшесі, 220 мекенжайы бойынша тағы бір локация ашылды.

Алматы қаласын дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде халыққа жедел медициналық көмек көрсету үшін 2025 жылға дейінгі перспективада Алатау, Алматы, Наурызбай, Жетісу, Бостандық және Медеу аудандарында 10–12 бригадаға 11 жедел медициналық көмек қосалқы станциясын салуға жер учаскелерін бөлу жоспарлануда. Быылдың өзінде қолданыстағы станциялардың орнына 5 қосалқы станция салу үшін жобалау-сметалық құжаты әзірленуде. Халықтың өсуі мен қаланың урбанизациясын ескере отырып, 2025 жылға дейін барлығы 15 қосалқы станция салу жоспарланған.



Бүгінгі күні жедел медициналық жәрдем қызметінде 2963 адам жұмыс істейді, оның ішінде: 252 дәрігер, 1638 орта медицина қызметкері, 139 кіші медициналық персонал, 754 жүргізуші және өзге де персоналдар.

Кездесуде жедел жәрдем қызметін цифрландыру мәселесі де талқыланды. Қазіргі уақытта жедел медициналық жәрдем қызметінде медициналық апаратық жүйелер бағдарламасы аясында дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың электрондық есебі бар. 1 қаңтардан бері жедел жәрдем қызметі жергілікті бюджет есебінен сатып алынған «Көмек 103» медициналық апаратық жүйесі базасында жұмыс істеп келеді.

«103» бірыңғай нөмірі – түскен барлық қоңырауды бір ғана қабылдау пультіне орталықтандыратын жоғары

технологиялық байланыс. Сонымен қатар, ол пациенттің телефон нөмірі мен сөйлегендегі аудиожазбасын автоматты түрде «қоңырау картасына» тіркеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі мен басқа да шұғыл қызметтермен жедел әрекеттесуге жол ашады. Сондай-ақ, қазіргі күні «Пациент-жедел жәрдем-стационар-емхана» бағдарланған тетігі қағидаты бойынша МСАК және стационарлармен интеграциялауды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Түскен қоңырауларды өңдеудің бірыңғай жүйесі жұмысты автоматты түрде жүргізуге, мониторинг жасауға, дер шағында есепке алып, талдау жасауға мүмкіндік берді. Бір сөзбен айтқанда, қағазбастылыққа ұрындырмайды.

Бүгінгі күні Алматыда желіде 182 жедел жәрдем көлігі жұмыс істейді. Көліктер жыл сайын жаңартылып отырады. Кейінгі екі жылда лизинг шарты бойынша 104 жаңа көлік сатып алынған, оған қоса 16 машинаны қаңтар айындағы оқиғалардан кейін меценаттар сыйға тартқан.

Биыл мегаполистің денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту мақсатында, жедел медициналық жәрдем қызметі жергілікті бюджет қаражаты есебінен 25 автокөлікпен, оның ішінде таулы және тау бөктеріндегі аудандарға қызмет көрсету үшін 5 автомашинамен толығымен.

Дефибрилятормен, кардиомонитормен, өкпені жасанды желдету аппаратымен, ЭКГ, электр сорғысымен және т.б. әлемдік стандарттарға сәйкес келетін заманауи жабдықтармен жарақтандырылатын тағы 30 В класты «жедел жәрдем» көлігін сатып алуға өтінім берілді.

«Бұдан басқа, биыл қалалық әкімдіктің шешімімен жедел медициналық жәрдем қызметін дамытуға, оның ішінде 4 қосалқы станцияны күрделі жөндеуге және қызметкерлерді қызметтік киіммен қамтамасыз етуге қаражат бөлінетін болады. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен, жедел медициналық жәрдем қызметі базасында сапалы медициналық көмек көрсету мен практикалық дағдыларды арттыру үшін қызметкерлерді халықаралық жаттықтырушылар мен нұсқаушыларды тарта отырып, BLS, ACLS, PALS, PHTLS, NRP халықаралық стандарттары бойынша оқудан өтетін оқу-симуляциялық орталығын ашу жоспарлануда. Осы мақсаттарға жұмсалып көзделген қаражат денсаулық сақтау басқармасына бюджетті нақтылау үшін енгізілді және қала мәслихаты қолдау көрсеткен жағдайда 2023 жылға арналған бюджетте мақұлданып болады», – деді Ә.Нүсіпова.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Алматы маңында ірі сауда-логистикалық хаб салынады

Алматы агломерациясында салынып жатқан айналма теміржолы бойында ірі сауда-логистикалық хаб салу жоспарлануда. Бұл туралы Алматыда өткен көлік-логистика әлеуетін дамыту жөніндегі бизнес-конференцияда «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы төрағасының орынбасары Ерлан Қойшыбаев айтты.

– Қытай тарапынан транзиттік және импорттық жүктердің үлкен ағынын ескере отырып, біз Алматы торабы өз деңгейінде жұмыс істеп жатқанын көріп отырмыз. Біз қазіргі таңда ұзындығы 73 шақырым айналма теміржол құрылысын салу туралы бастама көтердік. Ол Қазақстан – Түркіменстан – Иран (КТИ) бағыты бойынша Орта Азияға Түркіменстан мен Иранға апаратын транзиттік жүктердің өткізу қабілетін арттырады, – дейді компания өкілі.

Спикердің айтуынша, Алматыдағы айналма теміржолы бойында ірі жаңа сауда хабын салу жоспарлануда.

– Өршіл жобалардың бірі Алматының айналма теміржолы бойында ірі сауда хабын салу болып табылады. Біз бұл жоба аясында бонд қоймалары, суық тізбектер (тоңазытқыш тізбегі) салынады деп отырмыз, жүк әуежайы, авто, теміржол және құрғақ порттың құрылысы да қарастырылуда. Біз егжей-тегжейлі әзірленген соң техникалық-экономикалық негіздеме мен бизнес-жоспарларын көрсететін боламыз. Қазір алдын ала жұмыс істеп жатырмыз және инвесторларды бұл жобаға қатысуға шақырамыз, – деді Ерлан Қойшыбаев.

ҚТЖ өкілдерінің айтуынша, жоба табысты іске асқан жағдайда Алматы хабы Таяу Шығыс, Кавказ және Орталық Азия нарығына шығу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы жұртшылығымен кездескенде қаладағы бірқатар түйткілді мәселені атап өтіп, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына баса мән беру қажеттігін айтқан болатын.



ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН

2 мың шақырымға жуық су құбыры ауыстырылады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде Алматының барлық ауданын бірдей дамыту және тұрғын үй құрылысын жандандыру жұмыстары жанданып, ауқымды істер қолға алынып жатыр. Мәселен, биыл Алматыда халық пен кәсіпорындарға суды үздіксіз беруді қамтамасыз етуге бағытталған сумен қамту және кәріз жүйесін жаңғырту жұмыстары жалғасады.

«Алматы Су» МКК баспасөз қызметі хабарлағандай, жұмыстар бірнеше бағытта қолға алынып, жүзеге асыру жоспарланып отыр. Ең алдымен, ол объектілерді, желілер мен жабдықтарды қысқа дайындау, сондай-ақ желілердегі апаттар санын және су шығынын азайтуға бағытталған.

«2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламаға сәйкес, сумен қамту бойынша 2,6 млрд теңге, су бұру бойынша 584 млн теңгені құрайды. Биылға арналған инвестицияның негізгі көлемі желілерді жаңартуға бағытталады. Сондықтан жалпы ұзындығы 32 шақырым

болатын 25 нысан бойынша өте тозған су құбыры желілерін ауыстыру жоспарланып отыр. Инженерлік желілерді реконструкциялау жұмыстары барысында су үздіксіз берілетін болады», – деп мәлімдеді баспасөз қызметі.

Алматыда негізгі мәселелердің бірі – тозған су құбыры желілері болып тұр. Қазіргі таңда Алматы қаласы бойынша су құбыры желілерінің 54,2%-ы тозған. Сол себепті, 1943 шақырым су құбыры желісін ауыстыру қажет. Кәріздердің 56,6%-ы тозған, яғни 1000 шақырымнан астам желіні реконструкциялау қажет.

Сондай-ақ, «Алматы Су» мекемесінің мәліметінше, алдағы жылдар ішінде бюджет қаражаты есебінен «Қарғалы», «Ақсай», «Ерменсай» және «Барлық» өзендерінде су жинау құрылыстары іске қосылып, он елдімекенде ұзындығы 280 шақырым су құбыры желілері салынатын болады.

«Бұл 232 мың тұрғынды сумен қамтуға және қаладағы орталықтандырылған сумен қамтуға 100% қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – дейді «Алматы Су» МКК мамандары.



АҚОРДА

ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК көрсеткіші өңірлер арасында бірінші орында

**Мемлекет басшысы
Алматы қаласының әкімі
Ерболат Досаевты қабылдады**

(Басы 1-бетте)

Биыл шағын және орта бизнестің 3 мың жобасына 43 миллиард теңге көлемінде қолдау көрсету жоспарланған. Факторингтік келісімдерді қаржыландыру үшін қосымша 4 миллиард теңге бөлінді. Өңдеу өнеркәсібіндегі өсімді қамтамасыз ету үшін 5 шағын өнеркәсіп паркі ашылды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы мен 2030 жылға дейінгі ортамерзімді перспективалары» аясында іске асырылып жатқан Алматының көлік жүйесін қалыптастыру барысы туралы мәлімет берілді. Биыл қалада қоғамдық көліктің экологияға зиянды әсерін азайту туралы Президент тапсырмасын орындауға баса мән беріледі. Газбен жүретін 600 жаңа автобус және 100 троллейбус сатып алу үшін 66 миллиард теңгеден астам қаражат бөлу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, жеке тасымалдаушылар 650 жаңа автобус пен 31 электробус сатып алады.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа жол инфрақұрылымын жаңғырту сапасын жақсарту жоспары таныстырылды. Кездесу барысында өкілеттіктерді орталықсыздандыру жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мәселесіне де ерекше назар аударылды. 1 сәуірден бастап қалалық әкімдіктің 15 функциясы аудандық әкімдіктерге беріліп, олардың бюджеті 2,7 есе, яғни 161,6 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев инвестиция тарту және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету шараларын қабылдау жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Түркияның Қазақстандағы елшісі Мұстафа Капуджумен кездесті



Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұстафа Капуджудың Алматы қаласына алғашқы сапары кезінде экономикалық, сауда және инвестициялық салалардағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев атап өткендей, қазіргі уақытта қалада түрік капиталының қатысуымен бірқатар жобалар табысты жұмыс істеуде. TAV Airports холдингі Алматы халықаралық әуежайының жаңа терминалын салу бойынша жұмысты бастады, ол әуе айлағының өткізу қабілетін жылына 14 млн жолаушыға дейін екі есеге арттырады. Iskefe Holding халықаралық концерні желатин өндіретін зауыттың құрылы-

сын жүргізуде. Celkonsan Stroy ЖШС металл тосқауыл қоршауларын, көпірлер мен жол топтарына арналған қоршауларды өндіру жобасын іске асыруда. Басқа да маңызды бірлескен жобалардың қатарына Nobel Pharmaceuticals фармацевтикалық өндірісі («Нобель АФФ» АҚ), панельдер, тоңазытқыш және мұздатқыш камералар шығаратын Akay Trade ЖШС, Orhun Medical ЖШС диагностикалау және емдеу үшін медицина-

лық орталықтар желісі және т.б. кіреді.

Қала басшысының айтуынша, түрік кәсіпорындары ұзақ мерзімді жоспарлар құрып, өз қызметін кеңейту мүмкіндіктерін іздейді. Түркиядан капитал тарту қала экономикасының дамуына қуатты серпін береді.

Ең ірі инвестициялық жобалар Алматының индустриялық аймағында және «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында іске асырылуда, онда компанияларға инженерлік инфрақұрылымға қолжетімділік берілді, бизнесті жүргізу үшін жеңілдікті жағдайлар енгізілген.

Түркия ең ірі 10 инвестордың қатарына кіреді: 2005 жылдан бастап шамамен 1,2 млрд АҚШ доллары тартылды (ҚР бойынша тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 4,6 млрд АҚШ долларын құрады). Қазақстанда түрік капиталы бар барлық кәсіпорындардың жартысынан көбі Алматыда орналасқан – 2302 (Қазақстанда – 4280). 2022 жылы Алматы қаласы мен Түркия Республикасы арасындағы тауар айналымы шамамен 1 млрд АҚШ долларын (977 млн АҚШ долларынан астам) құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 64%-ға артық (2021 жылы – 596 млн).

Тараптар Алматы мен Түркия арасындағы ынтымақтастық біздің халықтарымыздың тығыз бауырластығына негізделген кеңейтілген стратегиялық әріптестік рухында дамып келе жатқанын атап өтті. Кездесу қорытындысы бойынша серіктестікті одан әрі нығайту туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

КӨГАЛДАНДЫРУ

«ҚАЛАҒА БІЗДІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫМЫЗ ҚАЖЕТ»

Мегаполисте жалпықалалық сенбілік өтеді



Алматының ажары оның тазалығына да байланысты. Сондықтан тазалық мәселесі алып шаһар үшін үнемі бірінші орында болуы тиіс. Осылай деген экобелсенділер ағымдағы жылдың 22 сәуірінде Алматыда жалпықалалық сенбілік өткізуді жоспарлап отыр.

Қоғамдық ұйымдардың Almaty Clean & Green экологиялық акциясын өткізу жөніндегі бастамасын Алматы әкімдігі қолдады. «Almaty Clean & Green» экологиялық акциясы барысында барлығы 5 мыңға жуық ағаш отырғызу жоспарлануда. Акция бүкіл қала бойынша өтеді.

Жалпықалалық сенбілікті өткізудің бастамашылары – Қазақстанның көгалдандырушылар қауымдастығы, ECONETWORK, «Posadiderevo.kz» РҚБ, «Спорттық туристер достастығы» ҚҰ. Қоғамдық ұйымдар әлеуметтік желілерде іс-шараны ұйымдастыру кезінде экологияға баса назар аударатынын, акцияны заманауи форматта өткізуге шақырды.

«22 сәуір – Дүниежүзілік жер күні. Туған жерге қамқорлық жасайтын уақыт келді. Баум

тоғайында «Almaty Clean & Green» экосенбілігін өткізейік! Өкінішке орай, аумақтың тазалығы көңіл көншітпейді. Мұндай келеңсіздікті адамдар жасайды. Жарайды, біз оларға өз жерімізді қалай таза ұстауға болатынын көрсетеміз. Оған қоса, ағаш отырғызамыз», – деді ECONETWORK. GREEN башысы Евгений Мухамеджанов алматылықтарға арнаған үндеуінде.

«Біз ерекше энергиясы бар әдемі қалада тұрамыз. Сүйікті қаланың таза көшелерде жүріп, балалармен күтімі жақсы аулада серуендегенге не жетсін. Қыстан шыққан қалаға біздің қамқорлығымыз қажет. Біз, Қазақстанның көгалдандыру қауымдастығы және Алматы қаласының эоактивистері барлық қамқор тұрғындарды Almaty Clean & Green сенбілігіне қатысуға шақырамыз. Біздің қаланы жасыл, әдемі және таза етіп жасайық! Тазалық әкелейік, мереке ұйымдастырайық!», – деп жазды әлеуметтік желілерде «Қазақстанның көгалдандырушылар қауымдастығы» ЗТББ жетекшісі Татьяна Антоненко.

Алматы әкімдігі тарапынан қажетті заттарды (қолғап, кап, күрек, тырма), көшеттерді беру, акцияға қатысушыларды ауызсумен және тамақпен қамтамасыз ету, сондай-ақ полигонға қоқыс шығаруды ұйымдастыру бойынша қолдау көрсетілетін болады. Аудан әкімдіктері қоғамдық ұйымдардың бастамасын қолдап, жергілікті сенбіліктер өткізеді.

Қоғамдық ұйымдар негізгі іс-шараларды өткізу үшін мына орындарды анықтады:

ТҮРКСІБ АУДАНЫНДА:

1. «Желтоқсан-86» саябағы – «Posadiderevo.kz» РҚБ.
2. Баум тоғайы – ECONETWORK бірге.

ЖЕТИСҮ АУДАНЫНДА:

1. «Көкжиек» ш/а – Қазақстанның көгалдандырушылар қауымдастығымен бірге.

МЕДЕУ АУДАНЫНДА:

1. Кіші Алматы өзенінің аумағы, Bellagio мейрамханасының оң жағы – «Спорттық туристер достастығы» ҚҰ.

АЛМАТЫ АУДАНЫНДА:

1. Сайран көлінің шығыс жағалауы – «Greenup.kz» ҚҚБірге «Таза ойындар» экологиялық акциясы.

Сондай-ақ, қаланың қалған аудандарында (21 учаске) аумақты жинау және ағаш отырғызылады:

МЕДЕУ АУДАНЫНДА:

1. «Алатау» ш/а Ибрагимов көшесі бойымен (қала шекарасынан «Инновациялық технологиялар паркі») АЭА шекарасына дейін.
2. Кіші Алматы өзені бойында («АВ» мейрамханасынан Митин көшесіне дейін).
3. «Думан-3» шағынауданының тау бөктері.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫНДА:

1. Алтынсарин даңғылы Жандосовтан Қабдолов көшесіне дейін.
2. Момышұлы көшесі Шалыпиннен Райымбек даңғылына дейін.
3. Жүбанов көшесінен Момышұлынан Садовников көшесіне дейін.

АЛАТАУ АУДАНЫНДА:

1. «Дарабоз» ш/а.
2. Үлкен Алматы өзені Рысқұловтан Райымбек даңғылына дейін.
3. «Қарасу» ш/а, Қарасу өзені.

АЛМАТЫ АУДАНЫНДА:

1. Сайран көлінің оң жағалауы (Төле би көшесі жағынан кіру).
2. Үлкен Алматы өзенінің жағалауы, Төле биден Райымбек даңғылына дейін.
3. «АЗТМ» сквері, Төле биден Жароков көшесіне дейін.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНДА:

1. Гагарин бульвары, Абайдан Жандосов көшесіне дейін.
2. Өл-Фарабидағы сквер Сырғабекова көшесінің бұрышы.
3. Дружба саябағы Есентай өзені Өл-Фарабиден Тимирязев көшесіне дейін.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫНДА:

1. Райымбек даңғылындағы бос орын (Алатау көшесінің батысы).
2. Тарғап көшесіндегі бос жер, солтүстік жағы.
3. Дала көшесі (жатақхана артындағы бос жер).

ТҮРКСІБ АУДАНЫНДА:

1. Сейфуллин саябағы.

ЖЕТИСҮ АУДАНЫНДА:

1. Солтүстік айналма, 87/7 үйдің маңы.
3. «Айнабұлақ-4» ш/а (сай сала).

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



РАМАЗАН-2023

ТОҒЫЗ ТОННА азық-түлік таратылды

Алматыдағы мұқтаж отбасылар мен көпбалалы аналарға
«Рамазан қоржыны» үлестірілді



ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының Алматы қаласындағы өкілдігі 360 отбасыға азық-түлік салынған «Рамазан қоржынын» табыстады.

Алматы Орталық мешітінің алаңында 360 мұқтаж отбасылар мен көпбалалы аналарға азық-түліктер салынған «Рамазан қоржыны» үлестірілді. Игі шараға Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлы қатысты. Көмек алған мұқтаж отбасылар мен көпбалалы аналар мешіт қызметкер-

лері мен қайырымды жандарға зор алғысын жеткізді. Жалпы көлемі 9 тонна азық-түлік таратылды.

Қайырымдылық айы рамазан-да демеушілік жасаған азаматтарға Алла мол сауаптан жазсын!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: mufyat.kz).

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛЕДІ...

Алматыда орташа жөндеу жүргізілетін көшелердің тізімі жарияланды

Ағымдағы жылы орташа жөндеу аясында ұзындығы 200 шақырымнан асатын 230 көшені қамту жоспарлануда. Бұл мақсатқа қалалық бюджеттен 20 млрд теңге бөлінді. Орташа жөндеу жолдардағы зақымдарды түзету, тозған жоғарғы қабаттарды қалпына келтіру бойынша кешенді жұмыстарды қамтиды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жұмыстар мердігерлік ұйымдарды анықтау бойынша конкурстық рәсімдер аяқталғаннан кейін басталады. Магистральдық көшелерді орташа жөндеуді 27 тамызға дейін аяқтау жоспарлануда, ал аудандық маңызы бар көшелер 30 қазанға дейін жөнделеді. Жұмыстар басталар алдында әр көше бойынша жұмыстарды жүргізудің жоспарлан-

ған мерзімдері бар тізімдер жарияланатын болады.

Еске салсақ, ұсақ зақымдардың алдын алуды және шұғыл түзетуді көздейтін ағымдағы жөндеу жұмыстары аясында Алматыда шұңқырларды бітеу, люктерді көтеру, жарықтарды жабу және басқа да жұмыс түрлері жүргізілетін болады. Осы мақсатқа қалалық бюджеттен 2,8 млрд теңге бөлінді. Ағымдағы жөндеумен 350 мың м² астам аумақты қамту жоспарлануда, сондай-ақ 30 км тротуар мен 40 аялдама кешені жөнделеді.

АЛМАТЫ АУДАНАРЫ

АЛАТАУ АБАТТАНАДЫ

Алатау ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша іске асырылатын нысандар сараланды.

Қазір мердігер-компаниялар «Томирис», «Боралдай», «Ұлжан» ықшамаудандарындағы Шыңжа батыр көшесі, 18, Саттаров көшесі, 78 және Жалайыр көшелері бойында орналасатын балалар мен спорт аландарын салу жұмыстарын бастады. Осыған орай, аудан әкімі

Азамат Қалдыбеков жұмыс барысын тексеріп, орындалу кестесі мен жобаларды іске асырудың маңызды тұстарын талқылады.

Биыл Алатау ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында абаттандыру жұмыстары бойынша 37 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде 9 жоба бойынша мердігерлер анықталып, құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қалған 28 жоба бойынша мердігерлерді анықтау үшін мемлекеттік сатып алу порталында конкурстар жарияланған.

Сондай-ақ, Алатау ауданының әкімдігі мен Алматы қалалық Дін істері басқармасы және Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасымен бірлесе отырып, «13» ықшамаудан аумағында 200-ге жуық ағаш көшеттерін отырғызды. «Отбасыңмен бір тал ек» акциясы аясында шаған, үйеңкі көшеттері отырғызылды.

Сондай-ақ, өткен аптада «Нұр-кент» ықшамауданында да көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, 500 түп қайың отырғызылған болатын.

Сондай-ақ, Медеу ауданында орналасқан Орталық мешітте Алматы қаласы Дін істер жөніндегі басқармасының қолдауымен «Адам және қоғам» қоғамдық ұйымы ұйымдастырған «Ерлік пен елдікті ту еткен қазақ батырлары» тақырыбында арнайы викторина өткізілді. Викторина барысында мешіт жамағатына қазақ халқының батырлары туралы сұрақтар қойылып, дұрыс жауап бергендерге сыйлықтар табысталды.

Іс-шара барысында викторинаға дәріскер ретінде қатысқан тарихшы Руслан Сейтказиев қазақ батырларына қатысты қызықты мәліметтермен бөлісті. Аталмыш іс-шара Қазақстан тарихына және батырларына қатысты ақпараттарды жеткізе отырып, отансүйгіштік сезімді ояту мақсатында ұйымдастырылды.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

«КӨК БАЗАРҒА» БАРДЫ



Жұмыс сапары барысында Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин «Көк базарға» барып, ондағы жаңғырту жоспарларымен танысты. Кездесуге «Көк базар» әкімшілігі, сәулетші және басқалар қатысты. Сонымен қатар, аудан әкімі Назарбаев даңғылы, 124 мекенжайы бойынша орналасқан мейрамхана иелерімен кездесіп, ондағы проблемалық мәселелерді талқылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

ОТАНДЫҚ МАШИНА ЖАСАУ саласы дамиды



Қазақстанда машина жасауды дамыту жөніндегі жаңа кешенді жоспар әзірленуде.

Кешенді жоспарды жүзеге асыру отандық машина жасау саласын дамудың түбегейлі жаңа деңгейіне шығарады деп күтілуде.

«НАНОСПУТНИК» жер сілкінісін болжай алады

Ұлттық зияткерлік меншік институтының алаңында жас өнертапқыштың VI мектебі аясында Халықаралық ғылыми форум өтті.

Алматылық жас өнертапқыш, «Наноспутник» жобасын ұсынған Шолпан Амангелдінің айтуынша, «Наноспутник» озон қабатының күйін зерттейді, жер сілкінісін болжай алады, құрғақ климатты аймақтарға жасанды жаңбыр шақыруға ықпал ете алады.



«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» тұжырымдамасы қабылданады



«Жасыл Қазақстан» жобасы аясында каналдарды, су қоймаларын қайта жаңарту, каналдарды цифрландыру жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта барлық көрсеткіштер өзектендіріліп, тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келтірілуде. Биыл екінші жартыжылдықта «жасыл экономика» бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес келетін өзектендірілген тұжырымдама қабылданады.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ: қазіргі экологиялық жағдай қандай?

Экологиялық мониторингке сәйкес, Астана, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш және Өскемен қалалары бойынша атмосфералық ауаның ластануы жоғары деңгейге жатқызылған.

Өңірлердің экологиялық проблемаларын шешу бойынша әзірленген Жол картасында 485 іс-шара көзделген. Алматы қаласы бойынша барлық жылу энергетика орталығын газға ауыстыру туралы шешім қабылданған. Атмосфералық ауаны жақсарту мақсатында қалада электр және газбен жүретін қоғамдық көлікке басымдық беріліп отыр. Мегаполиске кіру және шығу аумақтарында «Сергек» жүйесінің 21 бекеті орнатылып, 19 экопост пайдалануға берілген.



КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ жөніндегі ұлттық жоба



Биылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2021–2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға 222,5 мың адам қатысты. 152,2 мың адам жұмысқа орналасты, оның 48,8 мыңы тұрақты жұмысқа орналасты.

Субсидияланатын жұмыс орындарына 103,4 мың адам орналастырылды. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарымен 12,1 мың адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 2,1 мың адам, «Күміс жас» жобасы аясында 7,4 мың адам жұмыспен қамтылды. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 53,6 мың адам қамтылды.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» табысының 7%-ын аударды

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына таза табысының кемінде 7%-ын аударып отыратын болады.

Бүгінде қор алты бағыт бойынша 25-тен астам қайырымдылық бағдарламасын жүзеге асырады. Атап айтқанда, науқастарды дәрі-дәрмекпен, жастар мен мүгедектігі бар балаларды инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету, ауылда негізгі мектептер, ерте араласу орталықтары, аутизммен ауыратын балаларға арналған орталықтарды құру, медициналық ұйымдарды заманауи құралдармен жабдықтау, ауыл мектептерінің түлектеріне және халықтың әлеуметтік осал топтарына кіретін оқушыларға білім гранттарын ұсыну бағдарламалары бар.

(Дереккөздер: primeminister.kz, ortcom.kz).





ҒАШЫҚТАР КҮНІ

МАХАББАТ МЕРЕКЕСІ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Көктөбе» мәдениет және демалыс саябағында Ғашықтар күніне орай «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты сайыс өтті. Аталмыш іс-шараны Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры ұйымдастырды.

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Сайысқа қаламыздың әр ауданынан іріктелініп алған 8 жұп қатысты. Әрқайсысы өз өнерлерін ортаға салды. Аталмыш байқауды қаламыздың әр аймағында өткізетін едік. Бұл жолы алғаш рет «Көктөбе» мәдениет және демалыс саябағында ұйымдастыруды жөн санадық. Жұптар ұлттық киімдермен сахнаға шықты. Осылайша жастар арасында ұлттық құндылықтарымызға, ұлттық элементтерге деген сұранысын қалыптастырғымыз келді. Жастарға қазақ әдебиетіндегі лиро-эпостық жырлардағы ғашықтарды танытқымыз келді», – дейді Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры Жанар Талғатқызы.

Байқау аясында жұптар өздерінің «Love story» деп



аталатын махаббат хикаясы туралы бейнематериалдарын ұсынды. Содан кейін сайыс қатысушылары сән көрсетілімінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» халық эпосының сахналық бейнелерін көрсетті. Сондай-ақ, викториналық сұрақтарға жауап берді. Қазылар алқасы ең ақылды жұпты тандап алды. Сайыс соңында жұптар өз өнерлерін ортаға салды.

«Біз Логистика және көлік академиясының студенттеріміз. Байқауға 1 апта дайындалдық. Сайысқа қатысу ешқандай да қиындық тудырмады. Бейнематериал түсіру, дефиледе жүру, өнерімізді көрсетуге Жастар саясатын дамыту басқармасының жастары көмек көрсетті. Осылайша оқу орнымызды көпшілікке танытуға бел байладық», – дейді жарысқа қатысушылар Нұрсаят Құрбанбет пен Гаухар Түсіпова.

Іс-шараның жеңімпаздары «Алматы қаласының ең үздік жұбы» мәртебесіне ие болады. Сондай-ақ, мейрамханаға романтикалық кешкі асқа сертификат және киноға билеттер берілді.

Екінші орынға ие болған жұп дипломмен және атпен серуенге сертификат алды. Үшінші орынға ие болған жұп диплом және қыш студиясына сертификат алды. Ал «Like-Time» номинациясының жеңімпаздары диплом мен театрға билет алды. Сондай-ақ, қатысқаны үшін әр жұп Алғыс хаттар мен театрға билеттер табысталды. Байқаудан кейін көрермендер мен қатысушылар «Миллиондағы махаббат» фильмін тамашалады.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫ

IT саласы бойынша жеңімпаз атанды

Рая
ЕСКЕНДІР

Бүгінгі бәсекеге қабілетті жас ұрпақ өмірімізге еркін енген ақпараттық технологияларды да әбден меңгеріп алды. Содан болар, өркениеттің төл туындысы, IT саласына қызығушылық танытпайтын жас кемде-кем. Сондай талантты жастың бірі – Алматыдағы №17 мектеп-интернатының 7-сынып оқушысы Айнұр Елмұратқызы Астана қаласында өткен Web Hakaton форматындағы IT олимпиадасына қатысып, 1-орынды жеңіп алды.

Жас таланттардың қиялы ұшқыр

Web Hakaton олимпиадасы екі кезеңді қамтыды. Алдымен қатысушылар онлайн, сосын офлайн форматта сайысқа түсті. Байқауға қатысушылар Астана қаласында бас қосып, 450-ден астам веб-сайт әзірлеушілер



мен веб-дизайнерлер IT саласы бойынша бақ сынады. Жас ізденушілердің жіберген жұмыстары 4 номинация бойынша іріктеліп, ең үздік 40 бала финалға жолдама алады. Олар жас ерекшеліктеріне қарай «Салауатты өмір салты», «Қалдықсыз өмір» тақырыбында сайт жасап жарысты. Байқауға төрелік жасаған әділқазылардың айтуынша, жас өнертапқыштардың жұмыстары кәсіби маманның жұмысына пара-пар. «Жас та-

лантаңдардың қиялы ұшқыр, ғылыми жобалары күрделі», – деп жоғары баға берді. Олардың жобаларының біразына қазірдің өзінде сұраныс түсіп жатқан көрінеді.

Сонымен, осынау додаға қатысып, Алматы қаласының намысын қорғаған Айнұр Елмұратқызының болашағынан зор үміт күтуге болады. Ол қазірдің өзінде IT саласын терең зерттеп, өзінің ғылыми жобасын әзірлеу үстінде.

– Астана қаласына ғылыми жетекшім Гүлзат Балғымбаева апайым скеуміз бардық. Жалпы, Web Hakaton байқауына біздің сыныптан мен ғана қатыстым. Алдымен онлайн қатысып көріп едім. Жобаларым жоғары баға алды. Астанадан шақырту келгенде қатты қуандым әрі қатты толқыдым. Бізге жас ерекшеліктерімізге қарай тапсырмалар берілді. Маған «Қаржылық сауаттылық» тақырыбына веб сайт жасап шығу тапсырылды. Өз жұмысыма мобильді қосымшалар жасауға арналған бағдарламаларды қолдандым. Әділқазылар алдына шығып, өз жобамды қорғап шықтым. Болашақта осы IT саласының маманы болсам деймін. Дәлірегі, бағдарламашы болам деп шештім. Бұл салада көбі ағылшын тілінде болғандықтан, арнайы курсқа барып жүрмін. Отбасымызда бес баламыз. Ата-анам менің жеңісіме қуанып, қолдау білдіріп жатыр. Мектепте салтанатты жиын болып, мені директорымыз Айнұр Ерұланқызы барлық ұжым атынан құттықтады.

Дарынды бала дара шықты

Осы мектептің тағы бір мақтанышы – Шыңғыс Асхатұлы жас дарындарды қолдау мақсатында өткізілген республикалық «Жас IT дарын» байқауына қатысып, жеңімпаз атанды.

ҚР Ішкі істер министрлігінің қолдауымен Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында өткен бұл байқауда Шыңғыстың «Кибер қауіпсіздік» деп аталатын ғылыми зерттеу жұмысы ең үздік деп танылды. Жалпы, аталмыш байқауға 300 жас өнертапқыш қатысса, олардың тек 30-ы ғана финалға өтті.

– Мен болашақта IT саласының кибер қауіпсіздігін терең зерттесем деймін. Өйткені, бұл қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе. Осы байқауға қатысуыма ғылыми жетекшім Назым Сәтбаеваның еңбегі өте зор болды, – дейді дарынды жас.



ТИЛШІ ПАЙЫМЫ



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

АУЫЗАШАР

шоуға, бастаңғыға, тойға айналып кетпесін



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Ислам діні бес қазыққа байланған. Біріншісі – Аллаға сену, екіншісі – күн-делікті бес уақыт намазға жығылу, үшіншісі – Рамазан айында отыз күн ауыз бекіту, төртіншісі – зекет беру, ал бесіншісі – өмірінде бір рет қажылыққа бару. Міне, бүгінгі қасиетті Рамазан айында талай жамағат ораза ұстап, бір парызын орындап жүр. Дұға-тілектері қабыл болғай!

ОТЫЗ КҮН

Оразаның зор пайдасын Еуропаның да іргелі медицина орталықтары дәлелдеп, мойындап қойған. Иә, адам баласына оразаның еш зияны жоқ. Балиғат жасына толған әр мұсылман ауыз бекітуге тиіс. Оның денсаулыққа пайдасы орасан болғандықтан парызы етілген. Мәселен, жұмыста жүрген адам бір жылда бір рет еңбек демалысын алады, оқушылар мен студенттер де демалысқа жіберіледі. Себебі, адам үздіксіз жұмыстан, жүрістен тынығуы керек. Немесе мініп жүрген көлігімізді де жыл он екі ай жүргізе берген соң, темір де болса тозады, бір жері босайды, сынады. Сондықтан әлдебір бөлшегін ауыстыру керек болады. Сол секілді, он бір ай үздіксіз жұмыс істейтін асқазанымызға да демалыс, үзіліс керек. Ағзамызға артық майлар, тұз, шлактар жиналып, ол көбейіп, қалыңдай береді. Соны отыз күн бойы ретке келтіру үшін бізге ораза ұстау керек болады.

Сондай-ақ, ораза бізге отыз күн бойына нәпсімізді тежеп ұстауды, аузымызды, көзімізді, құлағымызды жаман нәрселерден тыюды, сабырлы, төзімді болуды, шүкірлік етуді, жан-жағымызға мейіріммен қарап, көбірек жақсылық жасауды үйретеді. Сол рухани азықты түгесіп алмай, қалған он бір ай бойы жүрсек, онда бізден артық адам болмас. Онда оразаның о бастағы миссиясының орындалғаны!

САУАП

Жаратқанның разылығы үшін жүрегімен ниет етіп, ораза ұстап, мұсылмандық парызын өтеп қана қоймаған, оның тереңіне үңіліп, ерекше ықыласпен атқарып жүрген адамның ең бір асығатын мезгілі – ауызашар шағы.

Ораза ұстаған адам ауызашар дұғасын жасап, аузын құрмамен немесе сумен ашады. Күні бойы бос тұрған асқазанға салмақ түсіріп алмас үшін майы аз, бұқтырылған етті тағамдар, көкөністерден жасалған салаттар жеген дұрыс дейді мамандар. Иә, ашығу кезінде адамның жүйке жүйесі, асқазаны әлсіреп, тітіркеніп тұрады екен. Ондай

кезде бірден қуырылған, майонезге араластырылған салаттар жеуге болмайды. Себебі, ауыз берік кезде асқазандағы сөл көбірек бөлініп тұрады да, қышқыл бөлу деңгейі сәйкес келмей астың қорытылуына кері әсерін тигізетін көрінеді. Сүтті қою шай, кондитерлік өнімдер мен газдалған сусындар да аса пайдалы емес. Суды тамақтанып болған соң ішкен дұрыс дейді. Ал жатар алдында тым көп мөлшерде ішуге де болмайды. Тамақты қарным ашып қалады деп тыңқиып тойып алмай, асықпай, аз-аздан жеу керек.

Ал енді, денсаулығына және өзге де себептерге байланысты ораза ұстамағандар ұстағандарды ауызашарға шақыратын жақсы бір дәстүр бар. Бұл тұрғыда Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аузы берік жанды ауызашарға шақырып тамақ берген кісі – ораза ұстаған адамның алатынындай сауап алады. Аузы берік адамның сауабынан да ешнәрсе кемімейді», – деген.

ГИБРАТ

Бүгінде сол ауызашар беру де сынға ұшырап жатыр. Әлеуметтік желідегі елге белгілі өнер адамдарының ауызашарға жиналып, арты екі иықты жұлып жейтін жұлқынған биге, музыкаға, қатты күлкіге ұласқаны туралы видеоны біріміз көрдік. «Қап, ел алдында жүрген кісілердің мұнысы үлкен ағаттық болды-ау! Ауызашарды да тойға, бастаңғыға, шоуға айналдырайық дедік пе?!» дедік көбіміз іштей.

Қазір адамдар ауызашарды кафе, караоке, мейрамханаға да жиі жасайтын болған. Бәлкім, ағайын-туыс, жора-жолдас, әріптес, көрші-қолаң – бәрі қалмасын, сыйсын, үйім тар дейтін шығар. Бірақ оның соңы тойға айналып кетіп жатқан жоқ па? Рамазан айы – құлшылық айы. Сондықтан арзан әуен, арзан күлкіден гөрі, ұлағатты жыр-термелер, жастарға ғибратты әнгімелер айтып, мүмкін болса кітап оқып, ұлы ғұламалардың өмір жолымен танысып, сүрелер жаттап, білім-ғибрат іздеген абзал дейді дін өкілдері.

БІР ЖҰТЫМ СУ

Пайғамбарымыздың өзі аузын жалғыз отырып ашпаған деседі, бір күні көршісін, екінші күні туысын, үшінші күні тағы бір туысын, досын шақырып ауыз ашқан. Сол сияқты, біз де «бәрін бір-ақ қамтып тастайын, ауызашар бердім, болды» деп емес, үйімізге шағындап, бөлектеп шақырсақ, әрқайсысына жеке-жеке көңіл бөліп, хәл-жағдай білісіп, шүйіркелесіп жатсақ, арадағы жақындық, бауырмалдық, туыстық сезімдер нығая түсер ме еді. Ауызашардың түпкі мақсаты да сол ғой.

Әрине, ауызашар беретін болған соң, дастархан жаясыз. Бәрі мол болғанын қалайсыз. Осы орайда дін өкілдері астам дастархан жаюдың қажет еместігін айтады. Жағдайыңыз келіп тұрса, мол болғаны жақсы, әрине. Бірақ әлеуметтік жағдайыңызды ойсыратып кетпеуі керек. Пайғамбар хадистерінде бір жұтым су, сүт немесе құрмамен де ауызашар беруге болатындығын айтқан. Яғни ең аз мөлшерде ауызашар берсеңіз де сауапқа кенелетініңізді меңзейді.

ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

*Адамзатты рухани
тазаруға
және жан-жақты
кемелденуге бастайды*

(Басы өткен сандарда)

- Рамазан айы 21 сәуірде аяқталады.
- Сәуірдің 17-сінен 18-іне қараған түн – Қадір түні.
- 21 сәуір – Ораза айт мерекесі.
- Биыл пітір садақа мөлшері – 535 теңге.

«ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ 200 СҰРАҚ»:
оқырмандар назарына кезекті жеті
«сұрақ-жауаптан» тұратын топтама-
ны ұсынамыз.

■ Астың дәмін көру оразаны бұза ма?

Тамақтың тұзын тексеру үшін тілінің ұшымен дәмін көріп, аузын шайып түкіріп тастаса, оразасы бұзылмайды. Десе де, себепсіз тамақтың дәмін татып көру қауіпті болғандықтан ғалымдар оны мәкрұһ амалға жатқызған.

■ Жүніп (ғұсылсыз) адамға ораза ұстауға бола ма?

Ораза дұрыс болу үшін ғұсыл шарт емес. Егер ұйқыдан тұрғанда жүніп болса, таң намазына дейін ғұсыл құйынып үлгермесе, алдымен оразаға ниет етіп аузын бекітеді. Кейіннен таң намазын оқу үшін ғұсыл құйынады. Бірақ ғұсыл алғанда аузы мен мұрнына суды терең тартпайды.

■ Ораза ұстаған адам күндіз ұйықтап ихтилам (сұйықтық бөліну) болса, оразасы бұзыла ма?

Күндіз ұйықтап, ихтилам болған адамның оразасы бұзылмайды. Өйткені, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде оразаны бұзбайтын үш амалды атап, солардың бірі – ихтилам болу деген (Тирмизи). Алайда, ғұсыл алуы парызы.

■ Ораза кезінде жүрегі айнып құсса, ораза бұзыла ма?

Хадисте: «Кім еркінен тыс құсып қойған болса, оразасының орнын толтырмайды. Ал кімде-кім әдейілеп құсқан болса, сол күннің қазасын өтейді», – делінген (Әбу Дәуід). Демек, еріксіз құсса, оразасы бұзылмайды. Ауыз толтырып құсқан жағдайда, жұтылсын-жұтылмасын, оразаны бұзады.

■ Ғайбат айту, өсек тасу немесе біреуге тіл тигізу оразаны бұза ма?

Шариғатта біреудің сыртынан жамандап ғайбат айту, сөз тасу – үлкен күнә. Алайда, оразаны бұзбайды. Хадисте: «Кімде-кім ораза ұстағанымен жаман әдеттерден тыйылмаса, оның оразасы беркер», – десе, басқа бір риваятта: «Ораза – тозақтың қалқаны. Ғайбат айту арқылы бұзбайынша ораза оны қорғайды», – деген сияқты хадистердің мағынасын ғалымдар бір ауыздан ораза бұзады деп айтпаған. Алайда, оразаның сауабын кемітеді деп түсіндірген. Демек, оразаның негізгі хикметі тек ішіп-жеуден ғана тыйылу емес. Сонымен қатар, ғайбат, өсек, өтірік айту сияқты түрлі күнәлардан да тыйылу міндетті екендігін естен шығармаған жөн.

■ Оразада күннің басым бөлігін ұйқымен өткізсе, ораза есептеле ме?

Рамазанда күннің басым бөлігін ұйқымен өткізсе, ораза есептеледі. Алайда, қажетсіз осылай жасаса, сауап азаяды. Себебі, артық ұйқының себебінен көптеген ізгі амалдарды жасау мүмкіндігінен айырылады.

■ Оразаны бірнеше күн ғана, яғни басында үш күн, аяғында үш күн ұстаса бола ма?

Жоқ, Рамазан оразасын олай ұстауға болмайды. Құранда: «Парыз ораза санаулы әрі белгілі күндерде ғана өтеледі. Араларыңнан кімде-кім Рамазан айына аман-есен жетсе, оны ораза ұстап өткізсін» делінген («Бақара» сүресі, 184-185-аяттар).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Жалғасы бар).



КӨРМЕ

ҒЫЛЫМДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Қазақстан ғалымдарының жобалары
бизнес өкілдеріне таныстырылды

Алматыда «Ғылым және бизнес: Қазақстанның инновациялық даму жолдары» атты ғылыми-инновациялық көрме өтті. Онда қазақстандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары әзірлеген коммерциализацияға дайын жобалар ірі компания басшылары мен бизнес өкілдеріне таныстырылды.

Ғылым-білім-өндіріс арасындағы байланысты арттыру мен ғылымды бизнес арқылы дамытуды көздеген көрмеге Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, Ұлттық ғылым академиясының президенті Күнсұлу Закария, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Мақсат Кікімов және өзге де белгілі тұлғалар қатысты.

«Фараби» кітапханасында өткен көрмеде ұлттық университеттің ғалымдары наноматериалдар негізіндегі қабылдағыштар, энергия үнемдейтін шамдар, физика бойынша бағдарламалық кешен, композиттік материалдар (шунгит), CO-VID-19 вирустарын жоюға арналған дербес портативті құрылғы, арнайы мақсаттағы полиэфирлі шайырлардың тәжірибелік өнеркәсіптік өндірісін құру, наноспутник және тағы басқа – барлығы 20-дан астам инновациялық жобаны ұсынды. Ғалымдар әзірлеген наноматериалдар негізіндегі қабылдағыштар жобасында сенсор, қабылдағыштарды жасау кезінде заманауи нанотехнологиялық тәсілдер пайдаланылатын болады. Бұл шығарылатын өнім сипаттамасын жақсартуға мүмкіндік береді.

«Бүгінгі күні әртүрлі сенсорлардың саны өте көп, бірақ сапасы сын көтермейді және бағасына сапасы сәйкес емес. Біздің артықшылығымыз – нанотехнологияға негізделген сапа. Біз нано саласындағы бірегей қасиеттерге арқа сүйейміз. Сонымен қатар, бағасы да баламалармен бәсекелесе алады», – дейді жоба авторы Данияр Исмаилов.

Микробалдырлар негізіндегі биологиялық белсенді қоспалар жобасының жетекшісі, профессор Болатхан Заядан көптеген салаға қажетті қауіпсіз биопрепараттар туралы айтты. Ғалымның айтуынша, Фототрофты микроорганизмдер тобына кіретін – микробалдырлар мен цианобактериялар көптеген құнды биологиялық белсенді қосылыстардың көзі. Сондай-ақ, аграрлық, медициналық, косметикалық және тағам өнеркәсібінде қауіпсіз биопрепараттар алуға үлкен қызығушылық тудырады. Олар адам



мен жануарлар ағзасындағы қатерлі ісіктердің дамуын тежейтін иммуномодуляциялық, антиоксидантты, антималярийалық әсерімен сипатталады.

Көрмеде ғалым Алина Галеева «Машина жасау және құрылғы жасау қажеттіліктері үшін металл бұйымдарын әрлеу бойынша инновациялық-өндірістік орталық құру» жобасын таныстырды. Ғылыми жұмыста металлдарды каррозиядан қорғаудың ең жақсы әдісін қолдану тәсілі әзірленген. Автордың айтуынша, металл жабдығысын электрохимиялық (гальваникалық) әдіспен қолдану, ол табиғат жағдайына байланысты сәндік немесе ыстыққа төзімді немесе магнитті болып, қосымша функцияны орындай алады. Жобаны дамыту Қазақстанда металлдарды әрлеу және өңдеу секторына, құрылғы жасау және машина жасау нарығын дамытуға ықпал етеді.

Өз сөзінде жас ғалым Асан Әбдірахым адамның қатты шаршауын болдырмауға арналған «GoDays» стартапы жайлы айтты. Аналитикалық құрал жасанды интеллектке негізделген. «Жоба эмоционалдық шаршаудың алдын алуға және жұмыс жүктемесі мен кестесін қызметкердің ең тиімді жұмыс уақытына сәйкес реттеуге көмектеседі», – дейді ізденуші.

Көрмеде Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Алматы технологиялық университеті, М.Айтхожин атындағы молекулалық биология және биохимия институты, Ядролық физика институты және өзге де ЖОО мен ғылыми институт ғалымдары өз жобаларын болашақ бизнес-әріптестеріне ұсынды.

ЕМТИХАН

Қазақстандық мектептерде оқу жылының қай күні аяқталатыны тағы да нақтыланды

ОҚУ ЖЫЛЫ
АЯҚТАЛАР
КҮН ЖАҚЫН

Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шолпан Каринова республика мектептерінде 2022-2023 оқу жылын аяқтау және мектеп оқушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы бұйрық қабылданғаны туралы тағы да еске салды.

Сонымен, барлық білім мекемелерінде, орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталатын болды.

Сондай-ақ, 9-10-сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2–13 маусым аралығында, ал 11-12-сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5–19 маусым аралығында өткізіледі.



БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

МЕКТЕП
ҚАУІПСІЗДІГІ –
БАСТЫ НАЗАРДА

Алматы қалалық Полиция департаментінің қаладағы 214 мемлекеттік және 100 жекеменшік мектептің қауіпсіздік жүйесін жан-жақты тексеріп шықты.

Осыдан біршама уақыт бұрын қалалық Білім басқармасы мен Полиция департаментінің білім беру ұйымдарында білім алушылардың қауіпсіздігін, бейнебақылау жүйелерінің жабдықталуын, қызметкерлер мен келушілерді ескерту құралдарын, дабыл түймелерін, қауіпсіздік дабылы мен физикалық қауіпсіздікті тексеру бойынша бірлескен комиссиясы құрылған болатын.

Алматы қалалық Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Ержан Ұзабаев айтуынша, бүгінгі таңда қала мектептерінде 6739 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі жедел басқару орталығымен біріктірілген. Тексеру нәтижесінде қаламыздағы барлық мектепте дабыл түймелері орнатылып, дауыс күшейткіштер, басқа да қауіпсіздік үшін жасалған құрылғылар жұмыс істеп тұрғаны анықталды.



АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

ӨРКЕНИЕТ КӨШІНЕН ОЗАЙЫҚ

Соңғы жылдары біздің елімізде ғана емес, шет мемлекеттердің өзінде IT саласына деген сұраныс жоғары. Ақпараттық технологиялар да заман көшінен қалыспай, қарқынды дамып жатыр. Тіпті, алпауыт компаниялар білікті мамандарды өздеріне тартып, жастардың қызығушылығын арттыра түскендей.

Бүгінде еліміздегі 80-ге жуық жоғары оқу орны IT саласы кадрларын даярлап жатыр. Олардың әрбірі тиісті стандарттарға сәйкес, академиялық әрі басқарудың еркіндігі аясында білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді. Мәселен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша 557 бағдарлама енгізілсе, олардың 33-і инновациялық, 172-сі жана бағдарлама болып саналады. Атап айтқанда, «Бағдарламалық инженерия», «Есептеу техникасы», «Денсаулық сақтау саласындағы IT бағыт», «Дизайндағы қолданбалы информатика», «Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару», «Басқарудың компьютерлік жүйесі мен роботтехника», «Киберқауіпсіздік», «Мұнай мен газ саласындағы ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық жүйенің қорғалуы», «Автоматизация және өндірісті басқару», «Жасанды интеллект технологиясы» секілді бағыттар бар.

Сонымен қатар, жаңа мамандықтар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша алты өзгермелі және 40 жаңа кәсіп белгіленген көрінеді. Сондықтан жастарды оқытуға жобаларды тәжірибе жүзінде іске асырып жатқан білікті мамандар жұмылдырылып жатыр. Мәселен, оқу жылының басынан бері жоғары оқу орындары екі жарым мыңнан астам IT маманды жұмысқа тартқан.

Жалпы, бұл салада білім алатын студенттер IT-



компаниялар мен кәсіпорындардың базасында тәжірибеден өтеді. Сондықтан саланың қыр-сырын тәжірибе жүзінде меңгеру үшін тиісті жағдай жасалып отыр. Әрине, бұл мамандық бойынша білім алғысы келетін талапкерлердің IT бағыттар тұрғысында лицензиясы бар жоғары оқу орындарына түскені құба-құп болар еді.

Өткен жылы 17 177 жас IT салада білім алу үшін оқуға түссе, мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 8498 талапкер қабылданған екен. Сондай-ақ, IT саласындағы жаңа мамандықтар «IT-этика саласындағы кеңесші, кибертергеуші, жасанды нейрон желілерінің жобалаушысы, киборгизация жөніндегі нұсқаушы, цифрлық даму саласындағы тьютор, киберпротектор, кибер-скиллингер – сандық дағдыларды құрастырушы» қатары, енді бағдарламалық инженерия, компьютерлік технологиялар саласындағы ғылым, киберфизикалық жүйелер, мәліметтер жөніндегі ғылым, роботтандырылған ұшқышсыз аппараттар, IT-менеджмент, IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика сияқты мамандықтармен толығып отыр.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРІСІ

өркендемей, ел экономикасы алға баспайды



Серік
ЖҰМАБАЕВ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Елімізде өңдеу өнеркәсібін және бизнес саласын дамыту қажет. Қашанға дейін импортқа тәуелді боламыз? Қазақстанда тауарлардың көптеген түрін өндіруді жолға қоятын кез де келді. Сондай-ақ, терең өңделген дайын өнім шығаратын өндіріс орындарын ашу қажет. Мен бұл туралы Үкімет жиындарында, өңірлерге барған кезде үнемі айтып жүрмін. Барлық әкімдер осы мәселеге баса назар аударуға тиіс. Бұл – Үкімет пен әкімдердің алдында тұрған маңызды міндет», – деді. Шынында да, біз неге өзімізде өндірмейміз? Бәрін сырттан сатып ала беру соншалықты тиімді ме?

Бюрократиялық кедергілерді жою керек

Кейбір кәсіпкерлер Қазақстанда өндіріс ашқаннан гөрі шетелден тауар әкеп сатқан әлдеқайда тиімді екенін айтады. Өйткені, бізде өнеркәсіп орнының цехы, өндіріс орындарын ашу үшін көптеген бюрократиялық кедергілер бар. Мәселен, кішкене цех ашу үшін алдымен жер сатып алуың керек. Қаладан жер сатып алу үшін көптеген қаражат керек. Ол цехты тұрғызу үшін де 30–40 мың доллар тағы шығындаласын. Оның ғимаратын салып, енді жұмысыңды бастайын десең, СЭС, өрт сөндірушілер, сәулет және қала құрылысы секілді, т.б. тиісті органдардан рұқсат алуың керек. Ал олардың бәрінен рұқсат алып, жұмыс бастағанша қыруар қаржы кетеді. Сосын мұнша кетірген шығыныңды қашан қайтарып аласың?

Шағын өндіріс орнының өзіне шамамен осынша қаражат кетеді. Ал үлкен өндіріс орнын ашсаңыз, онда тіптен түрлі қиындықтарға тап боласыз. Оның үстіне банктен несие алудың өзі оңай емес. Кепілдікке қоятын мүлік сұрайды, пайыздық үстемақысы тым қымбат. Мұның барлығына төтеп беру кез келген кәсіпкердің қолынан келе бермейтін тым күрделі іс.

Шекара жабылса, тапшылық туындайды...

Онымен қоса, бізде жақсы маман жоқ, болған күннің өзінде жұмыс күші өте қымбат. Тиісті органдар да қайта-қайта тексеріп мазанды алады. Тіпті, кейбір тексеруші органдар таныстарының атынан шағым жаздырып алып, тексеруді жиілетіп жібереді. Ал әрбір тексеруге қалтаңнан шығындаласын. Сондықтан біздің шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер өндіріс орнын ашқаннан гөрі, Қытайдан, Ресейден, Түркиядан тауар алып келіп, осында сатқанды тиімді көреді.

Біздегі жергілікті басшылардың да көпшілігінің түсінігі осындай. «Өндіріс орындарында отандық тауар өндірудің шығыны өте жоғары, өзін ақтамайды. Шет елден дайын тауар сатып алған әлдеқайда арзанға түседі. Шетелдік тауар шығыны арзанға түскенде, қымбатқа өндірудің қажеті не?», – деп түсінеді кей басшылар.

Бірақ коронавирус пандемиясы әлемді шарлаған уақытта көптеген елдер шекарасын тарс жауып тастады. Қытайдың өзі Қазақстанмен шекараны уақытша жауып қойды. Осыдан кейін елімізде дәрі-дәрмек тапшылығы басталып, аты жаман індетпен ауырған науқастарға дәрілік препараттар жетіспей, қайтыс болып кетіп жатты. Дәрі-



дәрмектің бағасы аспандап кетті. Тіпті, медицина қызметкерлерінде коронавирустан қорғайтын құралдар мен киімдер жеткіліксіз болғандықтан, қаншама білікті дәрігерлерден айырылып қалдық. ҚР Сыртқы істер министрлігі әлем елдерінен гуманитарлық көмек сұрады. Не дәрі шығара алмай, не бетперде тіге алмай, осындай қиын жағдайға тап болдық. Елімізде өндіріс орындарын көптеп ашудың маңыздылығы, міне, осында жатыр.

Кәсіпкерлерге жеңілдік қарастырылу керек

Сондықтан қандай жағдай болмасын, бізге өндіріс орындарын көптеп ашу керек. Сырттан сатып алып, оны елге қымбат бағада сату дұрыс емес. Біз бұл арқылы мемлекетімізді ешқашан дамыта алмаймыз.

Жасыратыны жоқ, қазірдің өзінде біз шикізат жеткізетін елге айналып отырмыз. Яғни біз тек жерасты байлықтарымызбен ғана күн көріп отырмыз. Күн ертең ол да азаяды, таусылады. Сондықтан жерасты байлығымыз сарқылмай тұрғанда, 50–60 жылдың ішінде біз өндіріс пен өнеркәсібімізді дамытып алуымыз қажет. Онсыз жағдайымыз қиын болады. Әрине, ол бір күнде дамып кетпейді, әсте-әсте мемлекеттік қолдау арқылы істі дөңгелетіп алуымыз керек. Мемлекеттік қолдау деген не? Ол ең бірінші – кәсіпкерлік саласын шенеуніктердің бюрократиялық кедергілерінен аман сақтау. Ірі өндіріске мемлекет демеу болса, ал шағын цехтарға жергілікті билік сүйеніш болуы керек. Банктер де кәсіпкерлерге орынсыз талаптар қойып, жылжымайтын мүлікті кепілзатқа алып, банктік несиелердің пайыздық ақысын жоғарылатуына жол бермеуіміз қажет. Қиын кездерде мемлекет банктердің тығырықтан шығуына қолғабыс жасады. Банктер тарапынан да соның қайтымы болуы тиіс. Салық, кеден, техникалық реттеуге қатысты мәселелерде де өндіріс орындарын ашатын кәсіпкерлерге жеңілдік қарастырылу керек. 3–5 жылда аяққа тұрып алған соң, өндірістен түсетін пайда алып-сатудан түсетін пайдадан 10 есе артық болуы мүмкін.

«Пайда шығынның арғы жағында»...

Өкінішке қарай, біздің кәсіпкерлер бүгін ақша салып, аз болса да, ертең пайда түсіргенді қол көреді. Ұзақ жоспарлау жоқ. «Пайда зиянның арғы жағында» дегенді ескер-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жолымбет МӘКІШ,
фейсбуктегі паракшасынан:

– Жапондар күрішсіз тұра алмайтын халық. Күріш оларда нанның орнына жүреді. Жапондар соны шеттен сатып алмай өздері өсіріп, ішкі нарықты түгел қамтып отыр. Солардың мемлекеттік жиынында шенділердің біреуі былай деп ұсыныс тастапты: «Біз күрішті шетелден сатып алмай, неге өзіміз өсіріп жатырмыз? Біз өсірген күріштің өзіндік құны мен бағасы 7-8 йеннен айналады. Ал егер сол күрішті шетелден, Вьетнамнан не Қытайдан сатып алсақ, әр келісіне 2-3 йен ғана кетеді екен. Біз өзімізге-өзіміз зиян келтіріп отырмыз!»...

Сол кезде министрлерінің біреуі не деп жауап берген дейсіз ғой? Былай депті: «Егер біз күрішті шетелден алдырсақ жұмыссыздық пайда болады да, жұмыссыздықтан қылмыс туады. Сосын оның шығыны, әлгі біз үнемдемекші болған ақшадан жүз есе асып кетеді!».

Байқадыңыздар ма, ел басқару үшін асып бара жатқан білімнің қажеті жоқ, ұлтым дейтін мінез бен табанының бүрі болса болғаны екен!

мейді. Арғы жағындағы пайданы көрмей, бергі жақтағы зиянды есептеп, бастамай жатып шошиды. Мұндай құбылыстың болуына бір жағынан әкімшілік кедергілер мен бюрократия ықпал етіп отыр. Сыбайлас жемқорлық деген дерт те кәсіпкерліктің дамуына тұсау болып келеді. Қазір мемлекет өндірісті дамытуға қыруар қаржы бөліп, кәсіпкерлерге қолдау жасап жатыр. Бірақ нәтиже шамалы.

Өйткені, өндіріс ошақтарын ашуға бөлініп жатқан қыруар қаржы талан-таражға түсіп жатыр. Өндіріс ошағын ашып, өнімін сатып, пайда табуды емес, өндіріс орнын ашуға бөлінген ақшаны қалтаға басып алып, табанын жалтырататын қара ниет кәсіпкер-сымақтар да көп. Сондықтан Үкімет қаржыны кім көрінгеннің қолына бермеуі тиіс.

ТҮЙІН:

«Қазақстанда өндіріс орнын ашқан тиімсіз» деген бос сөз. Кезінде елімізде жеңіл өнеркәсіп саласында жан-жақты жұмыс істеген «Жетісу», «АХБК» сынды кәсіпорындар болды. Әр жыл қыруар пайдамен шығатын. Егер өндіріс саласын дамытпайтын болсақ, ертең бәрібір біреуге күніміз қарап қалады. Қытай, Ресей тауарларының бағасын қымбаттатып жіберсе, ол бізге міндетті түрде кері әсер ететін болады. Сондықтан бұрынғы тоқырап қалған өндіріс орындарын қайта жаңғыртып, жолға қоюымыз тиіс. Өндірісті дамытуымыз қажет.

СҰРАҚ-ЖАУАП

Рұқсатсыз үй қабырғасын бұзуға бола ма?

Мен көпқабатты үйде тұрамын. Жақында өз еркіммен үйдің қабырғасын бұзып, есікті басқа жақтан шығарып, біраз жөндеу жұмыстарын жүргіздім. Алайда, «құрылыс жүргізу үшін арнайы құзырлы органнан рұқсат алу керек» дегенді естідім. Осы рас па? Үйге рұқсатсыз жөндеу жұмыстарын жүргізгенге қандай жаза қолданылады?

Сапарәлі ПӘТТЕЕВ,
Алматы қаласы.

Негізі, рұқсат алмай жатып, үйді жабдықтауға болмайды. Рұқсатты кейін ала саламын ғой деп немқұрайдылыққа салынудың арты үлкен өкінішке әкеліп соқтыруы мүмкін. Мұндай кезде Қала құрылысын бақылау басқармасы рұқсат қағазды бермейді. Өйткені, бақылау басқармасы болғаннан кейін, олар қандай да болсын жүргізілген құрылысты заңдастырып, қабылдап алуы керек. Сейсмикаға қауіптілігін тексереді. Осының барлығы қадағаланбай жатып рұқсат бере алмайды. Сондықтан үйді өзгертпес бұрын жергілікті Қала құрылысын бақылау басқармасынан рұқсат алған жөн. Оның еш қиындығы жоқ. Тек қана төрт-ақ құжат керек: жеке куәлігі, үйдің құжаты, жобалау-сметалық құжаттамаға сараптаманың оң қорытындысының көшірмесі, сондай-ақ құрылыс жасайтын мердігердің лицензиясының болуы. Міне, бары – осы.

Егер рұқсат алмай тұрып пәтерді, мекемені өзгертіп қойған жағдайда тексеру жүргізіп, әкімшілік жазаға тарту көзделеді. Айыппұл салынады. Сонымен қатар, тиісті орыннан рұқсат алмай тұрып объектіні өзгерткен адамға пәтерін сатқан жағдайда немесе пәтерін кепілге қойып несие алғысы келсе, тиісті органдар рұқсат бермейді.

Жылу үшін қосымша ақы төлене ме?

Көпқабатты үйлердің тұрғындары көбіне балкондарын шынылап тастайды ғой. Жақында балконы жабық үй иелері де жылу үшін қосымша ақы төлейді деген сыбыс шықты. Бұл заңды ма?

ӘСИЯ,
зейнеткер.

ҚР Энергетика министрлігінің «Электр қуатын пайдалану ережелерін және жылу қуатын пайдалану ережелерін бекіту туралы» 2015 жылғы 23 ақпандағы №3455 бұйрығының 12-бөліміндегі 56-тармағына сәйкес, жылу қуатын пайдаланғаны үшін төлететін ақы реттейтін орган тарапынан тариф бойынша белгіленеді. Төлемақы тек жылу берілетін бөлмелер үшін алынады. Егер жабық балконға жылу құбыры тартылған болса, онда пәтер иесі белгіленген тәртіппен ақы төлейді.

Табысы аз мамандық иелеріне несие беріле ме?

Банктер кімге несие беруге болатынын, кімге беруге болмайтынын қалай анықтайды? Табысы төмен мамандық иелері сырт қалады ма?

АЙНҰР,
Алматы ауданы.

Банктің кредит комитеті қарызгерді таңдағанда оның басқа несиелері бар-жоқтығын, бұдан бұрын алған несиелерін қалай төлегенін, табысын есепке алады. Қаржы ұйымдарының бұл сұраққа ресми жауабы осындай болып келеді. Бірақ бейресми ақпаратқа сүйенсек, банктер қарызгерлер мен заңгерлерге несие беруден қатты сақтанады. Олардың табысы, тіпті бірнеше мың доллар болса да несиеге өтінішін мақұлдамайды. Өйткені, осы екі мамандық иелері келісім-шарттың бүге-шігесін жақсы білетіндіктен, ертең банк менеджерлерінің екі аяғын бір етікке тығуы мүмкін.

Сондай-ақ, қомақты кредит алып, заң бойынша банкті «лақтыратындардың» дені заңгерлер деген мәлімет те бар. Одан өзге көлік жүргізушілері, полиция, ұлттық қауіпсіздік қызметі және әскерилер несие берілмейтін мамандықтардың бейресми тізіміне кіреді.

Дайындаған Серік-БАЙ.



ДЗЮДО



КҮМІС ЖҮЛДЕ – БІЗДІКІ!

Атыраулық дзюдошы қыз Еуропа кубогының күміс жүлдесін иеленді. Атырау облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметінен мәлім еткендей, Еуропа кубогы 15-16 сәуірде Хорватияда өткен.

«Хорватия Республикасының Дубровник қаласында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында Еуропа Кубогы өтті. Бұл додаға әлемнің 24 елінен 308 спортшы қатысты. Ел намысын қорғаған ұлттық құраманың сапындағы атыраулық дзюдошы Әсімгуль Куюлова 63 келі салмақта күміс жүлдеге ие

болды», деп хабарлады басқарманың баспасөз қызметі. Еуропа кубогының іріктеу кезеңінде қазақстандық дзюдошы Дания мен Хорватиядан, Голландия елінен қатысқан балуандарды ұтқан. Ал жартылай финалда Хорватияның тағы бір спортшысынан басым түскен. Тек актық сында Германия елінің спортшысынан ұтылды.

«Әсімгуль Куюлова – осындай дода-лардың жүлдесін иеленген тәжірибелі спортшы. Ол былтыр жастар арасында дзюдодан Азияның екі дүркін чемпионы атанған еді. Сол жылы Испанияның Малага қаласында дзюдодан өткен Еуропа кубогының алтын медалін иеленді. Бұл додада Испания мен Германияның спортшыларын қапы қалдырды. Жартылай финалда тағы бір неміс, ақтық сында француз қызынан басым түскен еді», – деп мәлім етті басқарманың баспасөз қызметінен.

БОКС

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫ WBC ТИТУЛЫНА ТАЛАСПАҚ

Қазақстандық боксшы Дәулет Дәукенов 21 сәуірде Оломоуц қаласында (Чехия) шаршы алаңға шығады.

Дәулет 25 жастағы никарагуалық боксшы Робин Саморамен жұдырықтасады. Бұл кездесуде бірінші жартылай орта салмақтағы WBC CISBB титулы сарапқа салынады.

Дәулет Дәукенов кәсіпқой рингте 11 рет жеңіске (5 нокаут) жетіп, 2 рет жеңіліске ұшыраған болатын.



ГРЕК-РИМ

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ

9–14 сәуір аралығында Астана қаласында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Азия чемпионаты өтті. Құрлық жарысында 22 мемлекеттің атынан 331 спортшы бақ сынады.



Еркін күрестен: 4 алтын – Санжар Досжан (70 кг), Дархан Есенғали (74 кг), Болат Сақаев (79 кг), Азамат Дәулетбеков (86 кг); 2 күміс – Ризабек Айтмұқан (92 кг), Юсуп Батырмурзаев (125 кг); 1 қола – Рахат Қалжан (57 кг).

Жалпыкомандалық есепте – 1-орын. Әйелдер күресінен: 2 алтын – Жәмила Бакбергенова (72 кг), Эльмира Сыздықова (76 кг); 3 қола – Марина Седнева (55 кг), Нилуфар Раймова (57 кг), Елена Шалыгина (68 кг).

Грек-рим күресінен: 1 алтын – Ибрагим Магомедов (72 кг); 2 күміс – Диас Қален (82 кг), Нұрсұлтан Тұрсынов (87 кг); 5 қола – Аманғали Бекболатов (55 кг), Мұхамедәли Мамырбек (63 кг), Алмат Кебіспаев (67 кг), Олжас Сырлыбай (97 кг), Әлімхан Сыздықов (130 кг).

ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» «АСТАНАНЫ» ЖЕҢДІ

Футболдан Премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің 6-турында «Қайрат» «Астана» командасын жеңді. 6-турдағы тағы бір кездесу елордада «Астана» мен Алматының «Қайраты» арасында өтті.

Соған қарамастан таблодағы есеп өзгеріссіз қалды. Екінші кезеңде елордалық клуб ойыншылары гол соғуға ұмтылды. Есесіне, 55-минутта Жоао Паоло «Қайраттың» басымдығын арттырды. Ал алматылық клубтан Дмитрий Сергеев 86-минутта қорытынды есепті белгіледі.

Осылайша «Қайрат» сырт алаңда «Астананы» 3:0 есебімен басым түсті. Енді аталған турда «Ордабасы» мен «Тобыл» командалары ойнап жатыр. Аталған турда бүгін «Қызылжар» «Ақсуды» 2:0, «Ақтөбе» «Атырауды» 4:0 есебімен жеңді.

Жанкүйерлер 2 команда кездесуін асыға күтеді. Еліміздің екі ірі қаласының клубтары жылма-жыл осылайша өзара бәсекеге түсіп жатады.

Биылғы біріншілікте «Астана» команда құрамын күшейтсе, «Қайрат» негізінен өз академиясында тәрбиеленіп шыққан жастарға үміт артып отыр. Кездесу барысында алматылық клуб жылдам гол соғып кетті. Елордалық қорғаушылар қателігін пайдаланып кеткен Жоао Паоло 3-минутта алматылық клубты алға шығарды. Алаң иелері таразы басын теңестіруге ұмтылды.



СЕМСЕРЛЕСУ

ЕЛ ҰЗДІГІ – ЕРЛІК СЕРТАЙ!

Алматыда семсерлесуден кезекті, яғни 6-шы жазғы спартакиада мәресінде жетті. Жарыстың соңғы күндері жекелей сындар өтті. Әсіресе, ерлер арасында шымкенттік Ерлік Сертай сенсациялық жеңіске жетті.

Ол Руслан Құрбанов, Дмитрий Алексин, Эльмир Әлімжанов сияқты талай халықаралық жарыста топ жарып жүрген

тәжірибелі спортшылармен сынға түскен болатын.

Нәтижесінде Ерлік барлық қарсыласын айқын басымдықпен ұтты. Қыздар арасында жергілікті Ульяна Писцова жеңіске жетті. Қос спортшы да ұлттық құрама қатарына қосылып, алдағы құрлықтық және әлемдік додаларда ел намысын қорғауға мүмкіндік алды. Бұл жолғы спартакиадаға бас-аяғы 11 өңірдің өкілдері қатысты. Алғашқы жарыс күндері «рапира» бойынша бәсекелер болды және Абай облысы мен Алматы қаласының спортшылары алдына жан салмады. Олардан да ұлттық құрама жасақталып, алдағы дүбірлі додаларға дайындықты бастайды.

ГИМНАСТИКА

ТАШКЕНТТЕН ЕКІ МЕДАЛЬМЕН ОРАЛДЫ



Қазақстандық гимнастшылар Ташкентте өткен әлем кубогында екі медальді қанжығасына байлады. Спортшыларымыз командалық жарыста күміс және қола медаль ұтып алды.

Қазақстандық көркем гимнастшылар шығыршық жаттығуының финалында 28,15 ұпаймен екінші орынға ие болды. Қазақстан құрамасы сапында Айдана Шаяхметова, Әсел Шүкірбай, Аяулым Қадір, Аружан Касенова, Аружан Қалсаева, Ақсұңқар Әбдірахман өнер көрсетті. Алтын медаль Қытай елінен келген жеңіл атлеттерге бұйырды. Олар 33,40 ұпайға ие болды. Қола өзбекстандық гимнастшылардың еншісінде кетті (27,95 ұпай). Сондай-ақ, біздің команда лента, доп жаттығуларында 26,15 ұпай жинап, қола жүлдегер атанды.

**Бетті әзірлегендер
Айнұр НҰРСАБЕТ,
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**



ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы ҚДС басқармасының ШЖҚ «№27 қалалық емхана» МКК-ның басшының бос лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№27 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының байқау кеңесі Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№27 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы – бас дәрігері бос лауазымына орналасуға конкурс өткізеді, 050012, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Дәулеткерей көшесі, 140 мекенжайы бойынша орналасқан, e-mail: info@gp27.kz

Өткізу күні: 03.05.2023 жыл.

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Дәулеткерей көшесі, 140.

Кәсіпорын атауы: Алматы қаласы ҚДС ШЖҚ «№27 қалалық емхана» МКК.

Пошта мекенжайы: индекс 050012, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Дәулеткерей көшесі, 140, e-mail: info@gp27.kz

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: бекітілген ауданның тұрғындарына алғашқы медициналық санитарлық көмек көрсету.

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауы 1-параграфының 3-тармағында көрсетілген.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ – 305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауы 1-параграфының 4-бөлімінде көрсетілген.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні: 18.04.2023 ж.-дан 02.05.2023 ж. сағат 17.00 дейін.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ -58/2020 бұйрығының 2-тарауының 7-тармағында айтылған құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін электрондық түрде ұсынуы тиіс.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-не:
• инженер-лаборант (химия) керек.
Тел.: 8 (727) 378-07-00,
8 702 222 35 52.

• бас аудитор;
• логист;
• клиенттерге арналған қызмет жетекшісі керек.
Тел.: 8 (727) 331-74-74,
8 701 301 81 84.

«Сайран» халықаралық автобекеті» ЖШС-не:
• күзетші;
• билет сататын кассир;
• сантехник;
• электрик;
• слесарь-сантехник керек.
Тел.: 8 (727) 276-08-06,
8 701 951 83 47.

«MEREY 2030» ЖШС-не:
• инженер-жылу технигі керек.
Тел.: 8 (727) 270-60-41,
8 777 256 64 26.

«Орталық жүзу бассейні» ЖШС-не:
• офис әкімшісі керек.
Тел.: 8 (727) 255-58-88,
8 777 351 98 60.

№19 жалпы білім беретін мектепке:
• бухгалтер қажет.
Тел.: 8 747 119 82 21,
8 775 644 00 17.

«Астана-моторс» ЖШС-не:
• эколог;
• деректер қорының маманы;
• заңгер керек.
Тел.: 8 (727) 330-72-73.

«Алматыэлектротранс» ЖШС-не:
• троллейбус жүргізушісі;
• экономист;
• жылжымалы құрамды жуып-тазалаушы;
• аула сыпырушы керек.
Тел.: 8 (727) 313-27-84.

«Тұран» университетіне:
• бөлім (білім) басшысы;
• әдіскер керек.
Тел.: 8 (727) 260-70-00,
8 701 815 06 19.

«Имсталькон» АҚ-на:
• жобалау-сметалық құжатпен жұмыс істейтін инженер керек.
Тел.: 8 (727) 338-77-33.

«Пошта экспресс» ЖШС-не:
• сату жөніндегі менеджер керек.
Тел.: 8 701 053 30 12,
8 701 776 99 58.

С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне:
• хатшы керек.
Тел.: 8 (727) 338-70-58.

«Нұр май фармация» ЖШС-не:
• өндіріс және құю бөліміне оператор;
• қаптау операторы керек.
Тел.: 8 701 780 98 09.

«КМФ (КМФ)» микроқаржы ұйымы» ЖШС-не:

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге,
6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге,
6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге,
6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

**Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

**Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛАДЫ

Алматыда 20 сәуірден бастап жылу кезең-кезеңімен өшіріледі. Бұл қалада бес күн бойына +8°C және одан жоғары тұрақты орташа тәуліктік температура сақталуына байланысты қалалық әкімдікпен 2022–2023 ж.ж. жылыту маусымын аяқтау туралы қабылданған шешім.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының айтуынша, тұтынушыларды жылумен жабдықтаудан ажырату мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

1) әкімшілік ғимараттар, оқу орындары, театрлар, өзге де ғимараттар;
2) тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар, жатақханалар, қонақүйлер);
3) әлеуметтік нысандар (балалар, емдеу, мектеп мекемелері, кәсіптік мектептер, медициналық-әлеуметтік мекемелер).
«АлЖЖ» ЖШС абоненттің жылу қондырғылары мен «АлЖЖ» ЖШС арасында шетелде пайдалану жауапкершілігінің теңгерімдік

тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігінің шекарасында ажыратуды жүргізеді. Тұтынушының басқарушы компаниясы (ПИК/МИБ), ал ол болмаған кезде осы қызметтерді орындайтын ұйымдар абоненттің жылу пунктінде жылумен жабдықтауды өшіреді.

Жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұсыну қағидаларына сәйкес, үйлері жылу энергиясын есепке алудың жалпыүйлік аспаптарымен жабдықталмаған жылу энергиясын тұтынушыларға келесі жылыту маусымы басталғанға дейін реттеліп көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеу кезінде тарифті төмендету жолымен өткен жылыту маусымы үшін қайта есептеу жүргізіледі.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

СЫРНАЙЛАТЫП, КЕРНЕЙЛЕТІП...

Баланы перзентханадан шығарып алу да шоуға айналды



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жуырда Маңғыстау облыстық перинатальдық орталығының өкілдері Facebook арқылы тұрғындарға тосын өтініш жолдады. Елді елең еткізген өтініш мәтінін толық келтіре кетейік.

«Құрметті достар! Қазіргі күні ғимаратымыздың кіреберісінде сәбилерді үйге шығару шарасы шоуға айналды десек болады. Күнде сағат 14.00-ден бастап жұмыс аяғына дейін орталық алды тойдағыдай ушуға ұласып, қып-қызыл бимен жалғасып, қымбат көліктерге, түрлі аниматорларға толып кетіп, тумалар, тума-туыс, дос-жаран кішігірім той жасайды. Қанша ескертсек те, қарапайым халық та, аниматорлар да түсінер емес, думанды той күнде жалғасуда. Тұрғындар жаңа босанған ана мен өмір есігін ашқанына бір жеті де толмаған сәбиге ерекше күтім мен тыныштық керек екенін біле тұра, әншілерді, аниматорларды жалдап, дрон ұшырып, өлең айтып, концерт ұйымдастыруды үйреншікті әдетке айналдырып отыр.

Аса құрметті жерлестер! Ең алдымен, біздің орталық – медициналық мекеме. Мұнда тек қуаныш ғана емес, басқа да жағдайлар болып жатады. Бір аналар сә-



биін құшағына алып қуанып жатса, кейбірі жансақтау бөлімінде өмір үшін күресуде. Әсіресе, өте аз 500,0–700,0 гр салмақпен дүниеге келген ашып, 2-3 ай бойына арнайы құрылғыларда оңалтудан өтіп жатқан бөбектерге аса қажетті тыныштық жағдайдың бұзылуы. Музыканың үні дауыс күшейткіші арқылы қатты шығады және ол барлық бөлімге анық естіледі. Шулы жағдай медицина қызметкерлерінің жұмыстарына да кедергі келтіруде. Орталық ғима-

раты типтік жобамен салынған, сәбилерді шығаруға бөлек, басқа орын қарастыру мүмкіндігі жоқ.

Иә, нәрестені үйге шығару – үлкен қуаныш! Мүмкін, заман талабы да шығар. Дегенмен, әр нәрсенің орны, шегі болуы керек. Перзентхананың алдында той-думан ұйымдастырмай, шығаруға екі-үш жақын адамы келіп, жылдың төрт мезгілінде болатын ыстық пен суықтың, желдің жайсыз әсерінен ана мен баланы сақтап,

аман-есен үйіне жеткізіп, қуанышты өз шаңырағыңызда тойласаңыз, нұр үстіне нұр болар еді. Біздің өтінішімізге түсіністікпен қарайды деген сенімдеміз. Рахмет!», делінген жазбада. Астына перзентхана алдын басып алған, шар ұстаған, кернейлеткен, сырнайлатқан отыз-қырық шақты адамның, қаз-қатар тізілген сүліктей қап-қара алты «Гелендвагеннің», күн-шуақта скамейкада тынығып жатқан аниматорлардың суреттерін қоса жүктепті.

Бұл жазбаны елуден астам адам бөлісіп, көбі құптаған пікірлер қалдырған. «Дұрыс солай болуы керек. Біреу баласы шетінеп жылап шығады. Біреулердің сол дабыраны жасауға қалтасы көтермейді. Содан ұрыс шығады. Тыйым салу керек». «Қалалық мәслихатпен бекітіп, тыйым салу керек, болды. Бағынбағандар айыппұл арқаласын!». «Қошметті өз үйінде, ауласында, тойханада жасай беруге болады негізі». «Бұл не мақтангерлік? Даңғойлық!». «Дұрыс тақырып қозғап отырсыз. Әсіресе, баласынан айырылған ана үшін, шаранасы өмір үшін күресіп жатқан ана үшін өте ауыр жағдай. Ана мен баланың қырық күндік шілдесі бар, мұндай жиын-той істегенше, ана мен баланың жағдайын жасасын».

Айтпақшы, бұл жазбаға автор Денсаулық министрілігімен бірге, министрімізді де тегтепті. Сондықтан бұл өтініш жоғарыға жетіп, тиісті шешім қабылданатын шығар.

Алматы да – үлкен қала. Ескере жүрейік деген ой ғой біздікі...

ЖЕР-ЖАҒАН

МЕЙІРІМДІ ӘЙЕЛ

немесе өмір бойы кір жуушы болып істеген Озеола қалай универге қабылданды?

Озеола Маккарти 1908 жылы АҚШ-тың Хаттисберг қаласында туған. Кедей отбасында дүниеге келген афроамерикандық қыз медбике болуды, Оңтүстік Миссисипи университетінде оқуды армандайды. Бірақ тәтесі айықпас дертке шалдығып, соны күту үшін 12 жасында мектептен шығып кетеді. Сол күйі партаға отырмайды.

Кір жуушы болып жұмысқа тұрады. Бұғанасы беки қоймаған кішкентай қыз ауыр жұмысы үшін күн сайын болмашы ғана доллар алып жүреді. Бір күні Миссисипидің тұңғыш банкіне келіп, өзіне есепшот ашып беруін сұрайды. Сөйтіп, әр күн сайын, жұмыс аяқталған кезде банкке келіп, есепшотына 1 немесе 1,5 доллардан салып кетіп отырады. Бірде банктің бір қызметкері қарапайым қыздан ақшаны кім немесе не үшін жинап жүрсіз деп сұрағанда, «әжем қартайғанда керек болады» деп жауап береді.

Әжесі 1944 жылы көз жұмады. Жерлейді. Ал Озеола бұрынғы әдетімен күнде банкке келіп, болмашы ақшасын салып кетіп жүреді. Сөйтіп жүргенде, 70-жылы анасы, одан кейін аурушаң тәтесі қайтыс болады.

Уақыт зымырай береді. Банк бірде жабылып, қайта ашылып жатады. Бір күні банк қызметкері оған есепшотындағы ақшасының бір бөлігін облигация қорына аударуға кеңес береді. Онша сауаты жоқ Озеола бұған мән де берместен, жарайды деп көне салады.

Озеола 75 жыл кір жуушы болған. Сонау 47-жылдары көкесінен қалған ескі ағаш үйде жалғыз ғұмыр кешіп жатады. Тұрмысқа да шықпаған, бала да сүймеген. Еш байлығы да болмаған. Сол уақытқа дейін өзі туған Миссисипи штатынан ешқайда ұзап шығып та көрмеген екен.

Бірде, дәлірек айтқанда, 1995 жылы банктің Пол Логгин деген қызметкері Озеоланың соңғы апталарда мүлдем келмей кеткенін байқап, түскі ас кезінде үйіне арнайы ат басын бұрады. Әйел аздап сырқаттанып қалғанын, бірақ



келесі апта міндетті түрде жұмысқа шығатынын, сондай-ақ банкке кіруді де ұмытпайтынын айтады. Банк қызметкері алдында тұрған әйелдің әбден қажыған жүзін, күнде кір жуып, тамырлары шодырайып, артритке шалдыққан қолдарын көріп жүрегі шым ете қалады. Бірақ әйелдің осынау өміріне деген еш өкпесі, кегі жоқ екенін, жүзіндегі адамзатқа деген мейірімді көріп таңқалады. Сосын дереу жұмыс орнына оралған соң, Озеоланың есепшотын көргісі келеді. Ашып келіп қалса, 250 мың доллардан астам қаражат тұр!

Мұны естіген әйел «сіздер қателесіп тұрған жоқсыздар ма, мейлі ендеше, осынша ақша тұрғаны рас болса, есепшотта қала берсін» дейді. Ал банк қызметкерлері оған енді

осыншама ақша тұрғанда жұмыс істеп керегі жоқ екенін айтқанымен, «мен ақша үшін жұмыс істемеймін, адамдарға пайдам тисе болғаны» дейді. «Ендеше, мына қаражатты қайда жұмсайсыз?» деген сауалға әйел жауап беруден қиналып қалады. Сонда банк қызметкері қалтасынан он монета шығарып: «Озеола ханым, егер сізде осындай он монета болса, не істер едіңіз?» деп сұрайды. «Біреуін шіркеуге берер едім, ес білгелі ылғи сөйтемін. Ал мына үшеуін үш туысыма берер едім, олар жақсы адамдар. Ал қалғанын білмей тұрмын қайда жұмсарымды», – деп жауап береді. Бұған да таңданған қаржы қызметкерлері «ал өзіңізге ше?» деп сұрағанда, «менің әлі де өзіме қызмет етуге күш-қуатым жетеді» дейді.

1995 жылы Оңтүстік Миссисипи университетінде қор құрылып, оған Озеола Маккартиден 150 мың доллар және «Арманынан әлде де күдер үзбеген кедейдің балаларына шәкіртақы тағайындағым келеді» деген өтініш-хат түседі. Бұл оқиға әлемді дүр сілкіндіреді. Сөйтіп, қор афроамерикандық кедей жастардың тегін білім алуына жағдай жасайды. Қара нәсілді қарапайым әйелдің бұл қадамына тәнті болғандар қорға өз еріктерімен ақша аудара бастайды.

Бір кездері сол универде оқысам, медбике білімін алсам деп армандаған Озеола ол оқу орнынан тым алыста тұрмаса да, ешқашан ішіне кіріп көрмеген екен. Үлкен ғимараттың ішіне кіріп келгенде, студенттер мен оқытушылар жарты сағаттай қол соғып тұрып алған.

Журналист: «Дәл қазіргі арманыңыз қандай, Озеола ханым?» деп сұрағанда ол: «Менің шәкіртақымды алған алғашқы студентті көргім келеді. Бірақ менің жасыма бұл мүмкін емес-ау, ә» деп жымияды. Екі күннен соң ол 30 мың адам қатысқан футбол стадионының ашылу салтанатына шақырту алады. Сол күнді штат губернаторы «Озеола Маккарти күні» деп жариялайды. Ол кейінгі төрт жыл ішінде 300-ден астам түрлі марапаттар мен айтулы сыйақылар алады. Телеканалдар бетінен түспейді. Әйгілі New York Times газетінің бірінші бетіне шығады. АҚШ-тың сол тұстағы президенті Билл Клинтонның қабылдауында болады. Ешқашан үйінен ұзап шығып көрмеген әйел әлемді аралау құрметіне ие болады. 1999 жылы 92 жасында көз жұмады. 18 жастағы Стефани Баллок атты студенттің Озеола атындағы алғашқы шәкіртақыны алып тұрып, тебірене сөз сөйлеген сәті де таспаға басылып, тарих парағына жазылып қалды.

P.S.

Осындай жандардың өмірі бізге үлгі болуға тиіс.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.